

1 ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗДЕРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ИГЕРІЛУ ТАРИХЫ: ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ГЕНЕЗИСІ

1.1 Көшпелілер қоғамындағы экологиялық таным және оның бүгінгі баспасөздегі рухани-семиотикалық көріністері.

Экологиялық сана мен экологиялық тәрбие, дәстүрлі экологиялық таным – мифтік болмыстық түйсіктерден нәр алатын, ұлттық құндылықтармен тікелей тамырласып жатқан, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыратын күретамырлы арна болып табылады. Әсіресе, өзінің тіршілік көзінің иесін «Жер-Су» [65] деп таныған, өмір сүруінің өзі табиғатпен арадағы тепе-теңдікті сақтауға [66] тікелей қатысты екенін мифтік сана мен дәстүрлі тәрбие арқылы түйсінген көшпелілер өркениеті бүкіләлемдік жаратылыстың қасиетін түйсікпен іздеген, санамен елестеткен, рухпен сезінген көркем ойлау жүйесіне, яғни, ғаламдық тұтастыққа негізделген әсіреәфсаналық экологиялық санаға ие болды.

Мұқым шексіз ғалам жүйесінің иесін Көк Тәңірі ретінде асқақтата танып, ғарыштың өзін жеті қатқа қаттап, Аспан – Күн – Жер – Су деп кеңістік пен уақыттың өзін соның бөлшегі ретінде қарастырып жүйелеген экологиялық сана – исі көшпелі қауымның экологиялық дәстүрлі тәрбиесі мен мәдениетінің бесігі болып саналады [67]. Қазақ публицистикасының бастау негізі болып табылатын мифтік көркем танымдар, фольклорлық негіздегі ауыз әдебиеті үлгілері мен билердің шешендік сөздері [68] қазақ баспасөзінің жанрлық, тақырыптық, формалық, көркемдік, мазмұндық тұрғыдан дамуына тікелей ықпал жасады [69]. Ғарыштық әлем, аспан, жер, су, орман, көк шөп, жер асты әлемі, жануарлар дүниесіне киелі тек иесі [71] деп қарады. Сондықтан да оларды қорғау – ұрпаққа аманат, тіріге – парыз, өліге – құрмет ретінде танылды, олар туралы аңыздар мен әфсаналар, жыр мен мақал-мәтелдер шығарып, табиғатты аялауға баулитын рухани тәрбие құралы етті.

Мұндай рухани экологиялық сана мен тәрбиенің ұлттық ділге терең сіңісіп кеткені сондай, ғаламдастыру дәуіріндегі қоршаған ортаны қорғау бағытындағы мемлекеттік және бейресми ұйымдар өзінің газеттері мен журналдарының, бюллетеньдері мен хабаршыларының, альманахтарының атын көшпелілер өркениетінің дәстүрлі экологиялық таным санасы қалыптастырған «Көк аспан, қара жер», «Үш анық», «Үш қиян», «Аманат», «Жерұйық», «Жиделібайсын», «Бәйтерек», «Алтын тамыр», «Атамекен» [72] деген ұғымдармен астастырды. Қазақ баспасөздерінде көтерілген күнделікті тұрмыстық экологиядан бастап табиғатты қорғау мен ғаламдық экологиялық күйзеліске байланысты жарияланымдардың барлығы да өзінің идеясына, қойған тақырыбына, назар аудару тәмсілдеріне, пікірді дамыту желісіне, ой

тұжырымдарына ұлттық экологиялық сана мен тәрбие қалыптастырған танымдық нышандарды арқау етті. Қазақ республикасының тәуелсіздігінің рәміздеріндегі күн, аспан, қыран, бәйтерек бейнелерінің өзі ұлттық экологиялық сана мен тәрбиенің, экологиялық мәдениеттің қаншалықты киелі дәстүрге айналғандығын дәлелдейді.

Мысалы: Қазақстан ғана емес, Кеңес одағында Дегелең полигонындағы атом сынағын тоқтату туралы алғашқы аса ірі қоғамдық экологиялық халықтық қозғалыстың тұңғыш бас қосуы өткен Қарауылтөбеге өлімнің бейнесін білдіретін қу ағашты орнатып, он мыңнан астам адам оған ақтық байлады. Бұл көне түркі мифіндегі мәңгілік жасыл өмірдің символы – Мықан ағашының – Бәйтеректің апатты жағдайға ұшырағанының, яғни, табиғи тіршілікке өлім қаупі төнгенінің нысанасы, дабыл қағу атойы еді. Экологиялық мифтік санасы өше қоймаған көшпелілер қауымының бүгінгі ұрпақтарына бұл кез-келген көрнекі құрал мен плакаттардан көрі анағұрлым зор әсер етті.

Семей полигонында ядролық қаруды сынауды тоқтату мен Арал теңізін құрып кетуден құтқару қозғалыстары жаппай халықтық сыпат алған сол тұстағы осы бейресми ұйымдар мен қорлардың шаралары және табиғи апат мәселелері туралы ақпарат берген басылымдардың тақырыптары мен ішкі мәтіндерінде экологиялық сана тәрбиесінен туындаған ежелгі аңыздар мен көне жазбалардан үзінділер жиі берілді.

Мысалы: «Қорқыт ата» туралы аңыздағы «Жерде қара тауларын құлаамасын, Көлеңкелі ағашың кесілмесін» [73] – деген тақырыппен ядролық сынақтан жарылып құлаған жартастар мен шөгіп кеткен төбелер, атом күшінен пайда болған жер асты жарықтарына өзен-көлдердің сіңіп кетуіне қаратылған мақала берілді. Ал көне түркі жазба ескерткішіндегі «Тәңірінің, Жердің киесіне ұшырап жау болды» [74] – деген жолдар ядролық сынақты өз жерінде, өз елінің ортасында сынап, Абай мен Құрманғазы туған қасиетті жердің киесіне ұшыраттың, өз халқына өзің соғыс жарияладың деген астарлы мағынада емеуірін танытты.

Бұған атом бомбасы жарылғандағы зілзаланы елестететін мұқым бір қаланың өлі шаһарға айналғаны туралы («Қатып қалған қала»), аспан жарылып, күн нұры төгіліп, дүлей (смерч) соққаннан кейін адамдардың көзі соқыр болып, шашы жидіп түсіп, аяқ-қолдары топтанып, туған ұрпақтың бір қолы, бір аяғы жоқ, көзі маңдайының ортасына біткен, зертең (емсіз) дертке шалдыққан жандар туралы «Уақытсыз тажал», «Дүлей» ертегілеріндегі [72, б. 255-256, 263-266] оқиғалардың астары өмірлік шындықпен салыстырыла баяндалғанда, атом бомбасын сынайтын сынақ полигонының апатты зардабы мен адам өміріндегі трагедиясы экологиялық сананы шіміркендіріп, көтеріліп

отырған мәселенің қаншалықты қасірет әкелгенін және әкелетінін нақты көз алдына елестетеді.

Шилісайдағы аса ірі фосфор кені бүкілодақтық екпінді құрылыс деп жарияланып, дала төсі орынды-орынсыз қазылып, айналаның қорыс-қопасы шығып, шаңды боранға ұласқан тұста діңінен қызыл шырын ағып, жылап тұратын Қандыағаш (ауылдың аты) туралы аңызды мақалаға кіріктіру арқылы экологиялық апаттың зардабын алдын-ала ескерткен [74] мақала кезінде одақтық деңгейде назар аударғаны да экологиялық дәстүрлі сананың бүгінгі қоршаған ортаны қорғау ісіне әсер еткендігінің айғағы. Ал «Семей – Невада» қозғалысының әнұранына айналған «Заман-ай!..» әні де (Сөзі Ұ.Есдәулеттікі, музыкасы Т.Мұхамеджановтікі) «зар заман» әдеби ағымының сарынының үлгісімен жазылған.

«Көлеңкелі ағашың кесілмесін», «Ағаштың қабығынан жаратылған қыпшақпыз» [75] – деген тіркестер Семейдің реликті белдеу орманының дерліктей өртеніп кетуіне байланысты, арғы атамыз Қыпшақты Оғыз қаған қосағаштың жарығынан тауып алған, ағаш, бәйтерек біздің киеміз деген мағынада қолданылды. Бұл аңыздық әфсана тарихи жазбалармен расталып, мәтіннің арасына қоса берілген. Өртенген немесе жаппай оталған орман, «жасылдандыру», жаңа туған сәбиге арнап ағаш отырғызу шаралары кезінде ежелгі түріктердің шығу тегі туралы: «Түріктердің жерінде қатар өскен қос бәйтерек болыпты. Күндердің күнінде әлгі қос бәйтерекке ғайыптан нұр төгіліпті, содан қос бәйтеректің бастары өз-өзінен қосылыпты, қос бәйтеректен бес ұл туыпты, төртеуі өліпті, біреуі тірі қалыпты. Тірі қалған бала ержеткеннен кейін ел билеген қаған болыпты, оны өз жұрты Бөгу қаған деп атапты» – деген жазба дерек [76], әсіресе, қоғамдық ғылыми-көпшілік басылымдарда жиі пайдаланылады.

Сонымен қатар «Бәйтерек – мәңгілік жасыл өмірдің кепілі», «Жапандағы жалғыз ағаш», «Жалғыз ағашты кеспе – киесі атады», «Өзің отырған бұтақты кеспе, өзің отырған жерді өртеме», «Атың шықпаса жер өрте», «Отпен ойнама – отқа жанасың, сумен ойнама – суға ағасың», «Бұлақ – басынан түниды», «Көкті жүлма – көктей соласың», «Суды ластама, суды ластағаның – әкеңнің сақалын ластағаның», «Су аяғы – құрдым», «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Судың да, сұрауы бар», «Киесіз жер – иесіз жер» деген сияқты мақал-мәтелдер мен «Су иесіз деме, жер иесіз деме, Құс иесі – Құмай, Жер-Су иесі – Ұмай», «Жер киесі тітіренді», «Өлген жер» деген мақал-мәтелдер жиі қолданылып, жарияланымның мазмұнын әрлеп, символдық безендірулермен көркемделді. «Өлместің суы» атты ертегіде қияндағы жартастың қуысынан тамып тұрған «өлместің суы» (әбілхаят суы) адамға мәңгілік өмір сиялайды. Сол тамшы тамған шырша мен қарағайлар мәңгілік жасыл, ал оны ұрлап ішкен құзғын мың жасайды-мыс – деп тәмсіл етіледі [77].

Міне, сондықтан да бүгінгі қазақстандық БАҚ-дағы экологиялық жарияланымдар туралы сөз еткенде, оның даму ерекшеліктерінің мазмұндық бағыт-бағдарын анықтауға тікелей ықпал етіп отырған жоғарыдағыдай экологиялық сана мен ұлттық танымдардың, дәстүрлі экологиялық тәрбиенің мағынасын ашпай кету – тақырыптың түпкі тамырын үзіп тастаумен бірдей. Онсыз қазақ журналистикасы мен баспасөз құралдарының өзіндік даралықтары да айқындалмайды. Сондықтан да бүгінгі қазақ баспасөздерінің тақырбы мен мазмұнына, көркемдігі мен пәрменділігіне шешуші мағына мен әр беріп отырған кейбір күретамырлы тәмсілдердің мифтік мағыналарының біреуіне ғана қысқаша ғана тоқталамыз.

Тәуелсіз мемлекеттің мемлекеттік бейресми рәмізіне айналған «Бәйтерек», профессор Т. Жұртбайдың «Мықан ағашы» атты жарияланымындағы пайымдауынша: «Өмір ағашы», «Құт ағашы», «Кіндік ағашы», «Таным ағашы», «Сетер ағашы», «Мықан ағашы», «Қаба ағашы» деп аталғанымен де, мазмұны біреу. Бәйтерек – мәңгілік өмірдің бастауы және кепілі. Бәйтеректің бұтағы – аспан әлемі, діңі – жер, тамыры – жер асты тылсымы, немесе – өмір, алмағайып дүние, өлім шекарасы боп бейнелене береді. Қазақта ғаламдық уақыт пен кеңістіктің арасындағы мәңгілік тұтқасы («ось мира», «мировой столп», «мировая гора») болып саналатын нысаналы белгі – Бәйтерек [67, 6 б.].

Мықан ағашы – жасыл өмірдің белгісі. Сол «Мәңгілік өмірдің» саясы Мықан ағашының бейнесі қандай?

Әлемдік әсіреэфсаналарда ағаштардың тамырының будандалуынан пайда болған (Адонис т.б.) әулиелер бейнесі бар. Бір ағаштың тамыры жерге, екіншісінің тамыры көкке қарап шатасуының нәтижесінде тіршілік, жан-жануар, жәндік, ақыры адам жаратылды-мыс дейтін де көркем түйсік жүйесі жасалған. Шындығында да көшпелі, оның ішінде түркі жұртының түп-түқияны осы, алып ағашқа келіп тірейді. Оған ежелгі дәуірдегі нысан мен нысана, аңыз бен әфсана атаулының барлығының тамырының бір ағашқа барып байланатыны дәлел.

Туу – өсу – өлу – жаңғыру жолы қилы-қилы қисында дамиды. Көшпелі жұрттың санасындағы бұл көркем түйсік «Көш-көш!» дастанында көркем жүйеге түсіріліп, тиянақты баяндалған. Атақты Ахаддин Мәлік Жувәйнидің «Жаһанды жаулап алушының тарихы» атты шежіресінде де солай. Онда:

«Қарақорым тауынан ағатын Тула өзені мен Селенгі өзені қилысатын жерде «Фистук» және «Қарағай» деген екі ағаш өсіпті. Бір заманда осы екі ағаштың ортасынан төбе пайда болыпты да, ол күн сайын биіктей беріпті. Түнде дөң ішінен жарық көрінетін болыпты. Жұрт таң қалысып, әлгі төбеге, мінәжат етіпті, жалбарыныпты. Сонда дөңнің астынан өлең айтылған үн естіледі. Жарық күн сайын күшейеді. Күндердің күнінде төбенің бүйірінен есік

ашылады, оның ішінен киіз үй сияқты бес отау көрінеді. Үйдің ішіндегі бес тақтың үстінде бес бала май сорып отыр екен. Бес баланы бес әйел емізіп асырайды. Балалар ержетіп, тілі шыққан соң өз ата-аналарын іздейді. Жұрт баяғыдағы буаз болған екі ағашқа алып келеді. Қос ағашқа тағзым еткен соң оларға тіл бітіп, бесеуіне өсиет айтып, аманат тілейді. Бесеуі өзара тату, жұртқа силы болады. Олардың аты – Сұңқар тегін, Құлашор тегін, Бұқа тегін, Ор тегін және Бұғы тегін екен. Бұғы тегінді хан сайлайды. Тәңір оған дүниенің тілін білетін үш құс береді. Сол құс арқылы төрткүл дүниенің тілін біліп, билеп отырады. Перінің қызына үйленеді. Ағайынды бесеуі бірігіп төрт құбыланы билейді. Ақыры Түркістанның астанасы Баласағұнға орнығады. Түсінде мәңгілік билік тұмары – Қас тасына ие болады. Бұғы қаған өлген соң барлық өсімдіктер мен жан-жануарлар «Көш, көш!» – деген дыбыс шығарып, айналаны азан-қазан етіпті. Ел қай жерге көшіп қонса да «Көш-көш!» – деген үн басылмапты. Содан көш бір жазыққа келіп тоқтағанда ғана «Көш, көш!» – деген үн өшіпті. Содан сол жерге қоныс теуіп, бес қала салыпты. Кейін сол шаһар «Бесбалық» атаныпты-мыс» [67, 33 б.].

Бұл әфсаналық үлгіге Мықан ағашының қуысынан табылған баланың атын «қыпшақ» – ағаштың қабығынан жаратылған бала деп Оғыз қағанның ат қоюы, мұқым қыпшақ жұртының содан таралуы туралы аңыз-әфсананы қоссаңыз, аңыз емес, тарихи аңыз сыпатын да танытады.

Ажалдан ағаш арқылы араша іздеу – көркемдік жүйенің бір тәсілі боп табылады. Мысалы: «Қорқыт ата кітабының» Қазан бектің ауылын жау шапқаны туралы жырында Қазанның ұлы Ораз қолға түскенде дар ағашының түбінде тұрып оған: «Атыңды ағаш десем, шамданба ағаш! О, Мекке мен Мәдинаның есігі болған ағаш! Құдаймен тілдескенде Мұсаның аса таяғы болған ағаш! Ерлердің ері – Әлидің дүлдүліне ер болған ағаш! Зұлпықарға сап болған ағаш! Хасан мен Құсайынға бесік болған ағаш! Мені саған асар болса, құлап түс ағаш!»– деп жалбарынады [73].

Жаһандық «древо мировое» мен орыстың «древо жизни» дегені Мәшһүр-Жүсіп суреттеген Мықан ағашының үлгісіндей анық емес. Мұны Мәшһүр-Жүсіп:

Ей, жігіттер бұл сөзге құлағың сал,
Үгіт салған сөздерден ғибадат ал!
Кітаптың айтуынша, ей, жарандар,
Ғарыштың тап астында бір ағаш бар –

деп ескертіп алады да ойын әрі қарай сабақтайды.

Өмір мен өлім, фәни мен бақи арасындағы уақыт пен кеңістіктің бәрін сиратул көпірі арқылы өткізіп, Рухтың қолы хор қызына жетер тұста оқымысты ақын Мықан ағашының келбетін:

Пейіште тәуба ағашы, жапырағы зор,

Болғанда түбі – аспанда, басы төмен.
Иіліп жерге қарай салбырап тұр.
...Мысалы күн секілді көрінісі,
Саны жоқ, балдан тәтті көп жемісі.
Салбырап аспан көктен мәуеленіп,
Сонымен сегіз пейіш толған іші.
Үн қатар шулап ағаш түрлі күйін,
Сипатын тамамдауға жетпес зейін.
Түрлі дәм жемісінде бар-ды ләззат,
Пейіштің тамамлаған түгел үйін, –

деп тамылжыта суреттейді [78].

Әрине, бұл діни аңсар мен әфсана. Бұл: төңкерілген ағаш – төңкерілген өмір – дегенді білдіретін эвенкілердің тәңірлік әфсанасының исламдық көркем жүйеге бейімделген жаңғырығы болуы ғажап емес. Қазақтар мұны: «Тауысыншақ уақытың бітті!» – дейді. Себебі:

Ағаштың жапырағы толып жатқан,
Аллаға баршалары таспих тартқан.
Әр жапырақта пенденің аты бар-ды,
Ажал жетсе жапырағы түсіп қалған!
Сондықтан да тірі ағашты түркі жұрты кие тұтып:
Жерде қара тауларың құламасын,
Көлеңкелі ағашың кесілмесін, –

деп жырлайды [73].

Мұндағы астарлы мағыналы ишараның бірі – тірі азаматың қатерге ұшырамасын деген тілеу. Халықтың қадірлі тұлғаларын «Бес бәйтерек» деп қастерлеуіміз де оларды қасиеттендіру ниетінен туған. Мықан ағашы – өмірдің ұясы» [79].

Экологиялық сана мен дәстүрлі тәрбие тақырыбын қозғаған «Тәуелсіз қазақ елінің баспасөздерінде Бәйтерек сол асқақ нысананың символы». Ал «Семей – Невада» қозғалысының Қарауылда өткен республикалық митингісіндегі ұстын етіп қағылған қу ағаш пен оған байланған ақтық – экологиялық апаттың дабыл рәмізі болып табылады [80]. Бұл символдық нышан бүкіл қазақ баспасөздерінде дерліктей жарияланды және шетелдік ақпараттарда да кеңінен таралды.

Демек, көшпелілер өркениетіндегі экологиялық сана мен дәстүрлі экологиялық мәдениет – бүгінгі күндегі қоршаған ортаны қорғау тақырыбын қозғаған қазақ баспасөзіндегі тұрақты тақырып, авторлық мәтіннің көркемдік мазмұн тұздығы, әсер етудің бір тәсілі ретінде даралық сыпатқа ие ерекшелік болып табылады.

1.2 Қазақ баспасөзіндегі экология тақырыбының қалыптасу жолына қысқаша тарихи шолу (1888-1930)

Табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау, оның игілігін күтіп ұстау, су көзін ластамау және суалтып алмау, өзендегі өткелдер мен арық, тоғанды бүлдірмеу, өрттен сақтану, жайылымды жыл мезгіліне қарай орынды пайдалану, жер байлығын кесірсіз игеру – көшпелі өркениет үшін өмір сүру мен өлім мәселесін шешетін ең маңызды шара болды. Көшпелі өркениеттің тұрмысы мен тіршілігі табиғатпен және оның түрлі құбылыстарымен тікелей байланысты болғандықтан да, оның төрт маусым бойғы өзгерісі мен ауа райының ауысуына қарай күн көріс амалын да бейімдеп отырды. Табиғи тосын апаттар мен қуаңшылық, не қыстың ерте түсіп, көктемнің кешігіп келуінен туындайтын «жұт» деп аталатын күйзелістерден сақтану үшін табиғаттың қасқабағын жазбай бақылап, алдын-ала болжап отыруға аса маңыз берді. Табиғаттың құпия сырын қаттап, ай мен жұлдыздың орналасуына қарап, сол жылдың қалай өтетінін жорып, жаз – жайлау, қыс – қыстауын сайлап, су көздерін ерекше назарға алды. Бұған сонау ескі көне түркі дәуірінен бергі табиғат құбылыстарының тәжірибесі жинақталған «Ежелгі түріктердің жыл топшылары» атты жәдігер толық дәлел [82].

Сондықтан да 1888-1902 жылдар аралығында қазақ, орыс тілінде шығып тұрған алғашқы «Дала уалаяты» газетіндегі экологиялық тақырыпта жарияланған мақалалардың дені осы дала тіршілігінің тамыры болып табылатын түрлі анамалиялық табиғат құбылыстарына, ауа райына, су көздерінің тартылуына арналды. Мұны жалпылама алғанда шартты түрде ғылыми-ағарту, тұрмыстық экология туралы көпшілікқолды танымдық сыпаттағы жарияланымдар деп те атауға болады. Онда сел, тасқын, дүлей (смерчь), қуаңшылық, жыл атына қарай «аққоян», «мешін», «доңыз», «ақсүйек» деп аталған дала апатын тудыратын табиғи күйзелістердің себептері мен одан сақтанудың жолдары, әр түрлі аймақтардың жер бедеріне, сол арадағы табиғат ерекшеліктеріне байланысты мәселелер қозғалды. Сондай-ақ табиғатты тиімді пайдалану, өзен, бұлақ, тоған арнасын бұрушыларға, көш жолындағы су көздеріне зиян келтірушілерге, өткелді бұзушыларға, табиғат апатына ұшырағандарға көмектеспеушілерге қарсы қолданылатын дәстүрлі дала ережелері түсіндірілді.

«Дала уалаяты» газетіндегі осы тақырыпты қамтыған мақалалар мен хабарлардың «Адам, қоғам, табиғат. 1888-1902 ж.» деген атпен дербес жинақ болып басылуының өзі қоршаған ортаны қорғау және оны тиімді пайдалану орайына тұрақты түрде көңіл бөлгендігін дәлелдейді [83]. Соның ішінде: «Белағаш деген жер турасында» [83, 51 б.], «Қазақ жерлеріндегі таудан алатын пайдалы кәсіптер» [83, 66 б.], «Жақсы өнеге» [83, 90 б.], «Жат жер» [83, 92 б.], «Қазақта билердің хүкімінің қандай екені туралы» [83, 103 б. б.], «Баян-Ауыл»

[83, 106 б.], «Қазақ халқының тұрақ, мекендері» [83, 123 б.], «Закаспий облысы торабы» [83, 131 б.], «Қалмақ халықтарының асырап-сақтап өсіруі турасынан», «Жер астындағы қалалар» [83, 197. б.], «Қазақ жері» [83, 246 б.], «Әр түрлі ағаштар турасынан» [83, 260 б.], «Қазақтардың ант ішіп, жан берген хұсасында» [83, 290 б.], «Кейінгінің қамын ойлап жазылған ақыл» [83, 294 б.], «Құн турасында» [83, 302 б.], «Қалайша тіршілік етіп тұрмақтың мәслихаты» [83, 306 б.], «Қазақтың қыр даласындағы, таудағы кен завод жұмысының хұсасында» [83, 314 б.], «Қазақтардың жерлерін арендаға жалдаған хисасында Ақмола облысының оңтүстік жағында» [83, 321 б.], «Не себептен жерлердің сілкінгені пайда болады» [83, 371 б.], «Қазақтардың аң аулауы» [83, 384 б.], «Ағаш медресесі» [83, 421 б.], «Жер, күн һәм жұлдыздар турасының баяны» [83, 429 б.], «Қазақтардың жерін қалайша билеп пайдаланып тұрғанының баяны» [83, 436 б.], «Қазақ халқына атадан балаға мирас қалған жермен пайдалану турасынан» [83, 467 б.], «Қазақ халқының қазіргі һәм ілгергі күні турасынан бірнеше ойға келген сана» [83, 541 б.], «Торғай облысындағы ауыл медреселелері» [83, 544 б.], «Эреже» одного чрезвычайного съезда народных судей» [83, 562 б.], «Қазақ жылқысының жақсы тұқымы» [83, 599 б.], «Керекуден келген хат» [83, 607 б.], «Қазаққа дәрігердің керектігі» [83, 615 б.], «Ереже» [83, 624 б.], «Қазақ рәсімдері» [83, 757 б.] атты мақалалар мен хабарлар халықтың экологиялық мағлұмат алуына ықпалын тигізді.

Бүгінгі ғаламдық сыпатқа ие болған экологиялық күйзелістерді тудырған басты себеп – экономикалық тұтыну мүддесі екені және оның жерге тікелей байланысты екені анық. Отарлық жағдайда өмір сүрген қазақ халқының алғашқы баспасөздеріндегі басты мәселенің жер болғандығы және ол тақырып саяси көзқараста талқыланғаны түсінікті де. Ұлттық және рухани тәуелсіздік идеясы ояна бастаған тұста жарық көрген «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері мен "Айқап", «Абай» журналдарындағы мақалалардың тақырыбы да осы жер мәселесін қамтыды. Бұл жарияланымдардың ұлттық, саяси сипаты үстем түсіп жатқанымен де, түпкі мәселе – қуаң, шөлейт аймаққа зорлықпен шоғырланған қазақ елінің экологиялық демографиясы мен экологиялық табиғи күйзелісіне келіп тірелетін. Осы орайда «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы жаппай халықтық дискуссия да ұйымдастырды. Аса қызу өткен ол пікір алысулар қашан «Айқап» журналы жабылып қалғана шейін үш жыл қатарынан жүргізілді. Бұл сол кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты түсінікті де еді. Оның басты себебін, Қазақ автономиялық өлкелік жер комиссариатының комиссары Жағыпар Сұлтанбеков өзінің «Жер саясаты» атты кітабында: «...Қазақтың «артық» қара топырақ, маңызды жерлерін, айдын шалқар көлдерін, өзен бойларын, ағаштың саялы жерлерін кесіп, келімсектерге, атты казактарға (патша өкіметі) алып берді. Қазақ бірте-бірте жақсы, сулы жерлерден ығыстырылып, борбас, тау-тас, шақат, шөлейтке шыға бастады.

Кіндік кесіп, кір жуып өскен ата қоныс жерлеріне көз алдында зорлықпен орнап жатқан келімсектерге қазақтың дұшпандық көзімен қарамасқа шарасы бар ма еді? Сөйтіп, екі халықтың арасында өшпенділік туып, жанжал күшейіп, нешелер қантөгістер де болған», – деп түсіндіреді [57, 14-15 б.].

Мұның астарында қыр қазақтары үшін үлкен экологиялық проблема жатқан болатын. Патша өкіметі үлкенді-кішілі өзендердің бойына «жасыл белдеу» деп атаған ереже шығарды. Ол ереже бойынша Еділ, Жайық, Ертіс, Есіл сияқты кең сахараны суарып тұрған дариялардың жағасына 10 шақырымға дейінгі аралықта қазақтардың мал жайып, пішен шабуына тиым салынды. Тоғандар мен арықтар суалды, егістіктер мен шабындықтар қуаңшылыққа ұшырады, ірілі-ұсақты су көздерін келімсектер мен казактар өздерінше тоспа жасап, су жібермеді. Ауыз сулар түрлі ұсақ кәсіпшіліктердің өндірістік қалдықтарынан (мысалы: жүн жуатын шағын өндірістердің кірінен, доңыз бен үй құстарын ұстаған фермалардың иіс-қоңысынан, нәжісінен) ластанып, оған химиялық заттар қосылып, ішуге жарамады. Түрлі жұқпалы аурулардың ошағына айналды. Сөйтіп, өз жерінде отырып, өз жерінің игілігін пайдалана алмады.

Қазақ жері мен еліне қатысты жоғарыдағыдай экологиялық мүддені қозғайтын негізгі жарияланымдардың тақырып аясы мен мазмұнын «Қазақ» газетіндегі [84] жинағында іріктеліп берілген «Отырықшы болатын қазақтарға кесіп беретін жердің есебі» [84, 12 б.], «Жер іздеген қазақтар» [84, 24 б.], «Қазақ жайы» [84, 30 б.], «Төртінші дума һәм қазақ» [84, 45 б.], «Айқап» журналындағы [42] «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» [42, 52 б.], «Сусағанның түсіне су кіреді» [42, 75 б.], «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау» [42, 83 б.], «Потанин докладынан» [42, 96 б.], «Социал-демократтар ұсталу (П.А.Т.)» [42, 115 б.], «Жаңа бағынған қазақтар» [42, 116 б.], «Шаруа кеңесі» [42, 169 б.], «Мал нормасына һәм қазақ положениесіне қайту» [42, 192 б.], «Игілік қауымы» [42, 195 б.], «Жұмыртқадай бидай» [42, 215 б.], «Бағаналы (Торғай уезінен)» [42, 225 б.], «Башқұрт жері» [42, 227 б.], «Шаруалық өзгерісі» [42, 244 б.], «Қайсысы пайдалы?» [42, 291 б.], «Қазақ съезі» [42, 374 б.], «Жерді қалай бөлу» [42, 382 б.], «Қазақтың Сарыарқа деген жайлары...» [42, 61 б.], «Государственная дума һәм қазақ» [42, 62 б.], «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар, бұйрықтар» [42, 76 б.], «Жер мәселесі» [42, 83 б.], «Мұқтаждық» [42, 198 б.], «Қазақтардың діні, хұқық һәм жер хақындағы өзара кеңестерінің қорытындысы» [42, 218 б.], «Біздің дертіміз» [42, 268 б.], «Сарыарқа» газетіндегі [40] «№7 Жер туралы» [40, 78 б.], «№9 Жер комитеттері» [40, 95 б.], «Жаңа ашылған қауымдар, Ел қамын ойлаған азаматтар» [40, 230 б.], «№20 Қазақ партиясы, «Алаштың» тұтынатын жолының жоспары» [40, 251 б.], «Ұлт қазынасы» [40, 305 б.], «Қазақ жеріндегі

тұз» [41, 42 б.], «Ұлт қазынасы» [41, 146 б.], «Жер мәселесі» [41, 170 б.] атты мақалалар шоғырынан анық байқай аламыз.

Бұған қарап, алғашқы қазақ баспасөздерінде жер мәселесі неге баспасөздің басты тақырыбына, өзекті мәселесіне айналды. Оның экологиялық ахуалға қандай қатысы бар – деген сұрақтардың туындауы да мүмкін. Оған айтар уәжіміз мынау: жер мәселесіне қатысты қазақ баспасөзіндегі түбірлі тақырыпты қамтымай, содан келіп туындайтын экологиялық зардаптардың түпкі тамырын түсіну мүмкін емес. Сондықтан да бұл тақырыпқа қысқаша түсінік бере кетуге еріксіз мүдделі болғандығымызды тағы да ескерте кетеміз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, экологиялық сана мен дәстүрлі көшпелі экологиялық мәдениетті санасына мықтап сіңірген жер емшегін еміп, табиғат сиын қорегіне айналдырған қазақ халқының көшпелі экономикасына Ресейдің отарлауына, жерді аннексия жасауына, өнеркәсіптік орындардың ашылуына байланысты XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап алаңдатарлық өзгерістер енді. 1867 жылғы "Екінші низамнан" кейін жер, су толықтай патшаның меншігі деп жарияланды. Рухани тәуелсіздік пен байырғы экологиялық сана рухына экономикалық кіріптарлық алаңдату әкелді. Омбы бақылау палатасының аға ревизоры И. Мельниковтың қазақ ұлтын бүкілдей басыбайлы етіп, жерінен айырудың шешуші жоспарын, яғни, "Үшінші низамды" тағы да бір тексеруден өткізіп, мәртебелі ағзамның кеңсесіне жолдаған "Қазақтарды Сібір казак әскерінің маңынан 10 шақырым (верста) аулақ қоныстандыру үшін оларды көшіру және қора-жай салу үшін 500 сом бөлу туралы мәселеге орай" берген мәлімдемесінде:

"Қазақ халқының тағдыры біздің жер шарын мекендеген өзге елдер сияқты адамзат қоғамының пайда болуы мен дамуындағы тарихтың жазылмаған заңына бағынышты және солай аяқталады. Ол заң бойынша: жер бетіндегілердің барлығы, оның ішінде адамдар да қоршаған орта мен қалыптасқан жағдайға бейімделсе және оған бағынса ғана өмір сүре алады. Ал оған мойынсұнғылары келмегендер жер бетінен аяусыз түрде жойылады. Қалыптасқан осындай жағдайға қазақ халқы мойынсұнып отыр ма? Қалай? Қайда? Не үшін және қандай дәрежеде? Бұған жауап беру деген сөз – қазақ халқын алда не күтіп тұр, қантөгіске ұшырамау үшін не істеу керек деген мәселеге жауап беру болып табылады. "Інжілдегі" дәруіштер сияқты емін-еркін өмірдің, Арабстандағы бәдәуилер іспетті көршілеріне шапқыншылық жасаудың дәуірі біткендігін, енді жерге қоныстанудың қажеттігін, болашақта өздерін не күтіп тұрғанын қазақтар да сезетін сияқты. Олардан тым сылбырсып жүргендігінің бір себебі, олардың қай жерге барып ұя салары толық белгіленбегендіктен деп есептеу керек. Осы халықтың тағдыры туралы тарих шығарған қатыгез үкімге қарамастан көңілге уайым түсірер бір күдік

туралы айтпай кетуге болмайды, қыр жағдайымен етене танысқан соң мұндағы адамның өмірі табиғи ерекшеліктерге бейімделе ала ма деген ой келеді. Бұл арада орыстар тұрақты қоныстана ала ма? Қазақтардың малдарына қолайлы жерлерін алып алған соң олар кедейленіп шыға келеді. Ал ол араға қоныстанған орыстар кетіп қалу қаупі бар, ендеше бұларды асығыстықпен көшірмей, қарайласа дұрыс болар еді... Олардың өміріндегі мұндай экономикалық қасірет номадтардың тарихы мен әлеуметтік жағдайының нәтижесінде қалыптасқан қажеттілік... Қазақ даласындағы экономикалық күйзелістің басты себебі – номадтардың көшпелі тіршілігіндегі дәстүрлі қарым-қатынастың бұзылуы екенін үкімет ескертуі тиіс", –деп жазды [85].

Әрі үкім, әрі нұсқау ретінде жазылған бұл нұсқау бойынша қазақтар жерге қоныстанса да аштан өледі, сол көшпелі қалпын сақтаса да аштан өледі, сол көшпелі қалпын сақтаса да жұтқа ұшырайды. Жаз жайлау, күз күздеу, қыс қыстау жайына қалады. Шөл мен тастақ жер ғана олардың еншісіне тиеді. Көшпелілерді күйзелту – экономикалық саясаттың басты бағыттарының бірі әрі экологиялық апатқа қарай бет бұру деген сөз. "Жер өспейді, ел өседі". Мұның растығына сол шенеуніктің жоғарыдағы тұжырымдамасындағы:

"Түркістанды бағындыру арқылы даланың оңтүстігі қоршалды, бұл қазақтардың толықтай Ресейдің қол астына көшкендігінің ең шешуші пәрмені болып табылады: соның нәтижесінде, бір жағынан, қазақтардың азиялық хандықтарға емін-еркін көшуі тоқталса, екінші жағынан, қазақ даласына орыстардың жаппай қоныстануы күшейді, олар қазақтардың қонысына жайлы жерлерді орыстар егін салу үшін басып алып, өздерін қуып шықты, қысылып-қымтырылған қазақтар тұйықтан шығу үшін сулы жерге, көбінесе жағасы шалғын, нулы, бірақ та орыстар бекініп алған Ертіс өзенінің жағасына қарай ығысты, онда бос жер қалмағандықтан да жайылымды жалға ала бастады", – деген мәліметін келтірсек те жеткілікті [85, 69-70 б.].

Қазақ елі өз жерінде, өз елінде отырып, жатқа жалынышты болды. Бұл дегеніңіз нағыз экономикалық тәуелділік, экологиялық жұттың басы еді.

Ұшы-қиырсыз жерді мекендеген көшпелілердің солтүстік қанаты көшпелі, оңтүстік қанаты жартылай көшпелі, жартылай отырықшылық тіршілік құрып, егіншілікпен айналысты. Олардың арасындағы экономикалық байланыс үзілген жоқ. Соның нәтижесінде көшпелілер тілдік, ортақ экономикалық, ұлттық бірлігін сақтап қалды. Сондай ұлттық экономиканың ең көне әрі негізгі көзінің бірі "ақ шом" экономикалық дәстүрі – қазақ көшпелі экономикасы мен дала экологиясын сақтаудың ең мүдделі тәсілі еді. Қысы ұзақ солтүстікте астық өндіру, жеміс-жидек, бақша баптау қиын. Ал оңтүстіктегі егіншілік өлкеде мал тұяғы умен тең. Сондықтан да көшпелілер "Ақ шом" айналымын қолданды. Күзде солтүстіктегі малшылар өзінің темір-терсек, жүн-жұрқасын артып, түйеге қомдап, оңтүстікке аттанады. Әр үйден,

ауылдан белгілі азаматтар ере шығады. Сарыарқа мен Мұғаджардан ағылған "Ақшомшылар" арысы Бұхара, Самарқаннан, Хиуадан, берісі Түркістан, Шашқа барып апарған тері мен жүнін астыққа айырбастайды. Әркімнің өзінің күні бұрын келіскен адамы бар. Екі жақта өзгеге қолындағысын бермейді. Өнімдерінің сапасына сенеді. Жұт, қуаңшылық жылдары несиеге алады. Сонау миладиден бұрынғы скиф заманында да солай болыпты. Ол туралы элладаның саяхатшысы Страбон жыл қайыруымыздан бұрын бес ғасыр ілгері заманда:

"Номадтар қарақшылық, шапқыншылықтан гөрі, көбінесе дүркін-дүркін жорыққа аттанып тұруға әуес және қолүздік үшін аттанады; олар жер өңдеуді білетін диқандарға өздерінің қол астындағы жерді бөліп береді, шыққан егіннен белгілі бір мөлшерде болмашы ғана ұшыр алады. Мұны олар қорлану, баю үшін емес, күн сайынғы тіршілік қажетін қамтамасыз ету үшін ғана жияды; егерде әлгі несиені бермеген жағдайда ғана оларға қарсы жорыққа аттанады... Шындығына келсек, сол несиенің өзі оларға дұрыстап төленбейтін. Өйткені, олардың шабуылын оп-оңай тойтарып тастаймыз немесе қарсы жорыққа шығамыз деп үміттенетіндер мен өз күшіне сенетіндер ғана салым төлемейтін", – деп жазды [86, 188-189 б.].

Демек, "ақ шомның" негізі есте жоқ ескі заманда қалыптасқан. Ол XX ғасырға да сол қалпы жеткен. Бұл туралы жоғарыда аталып өткен Ж. Сұлтанбековтің «Жер саясаты атты» кітабында: «Әр ру мал шаруашылығының жағдайы үшін көшіп-қонып жүруге тиісті болды. Әр елдің қысы, жазы көшіп жайлап жүретін беткейі – көш жолы болды. Мысалы: Жаппас деген ел соңғы уақытқа дейін жазға қарай Сыр бойынан көшіп Арқаға қарай жайлап, Қостанай уезіне шейін келетін еді. Қысқа қарай қайта жайлап, Сыр бойына түсетін еді. Себебі, көшпелі шаруа толы жатқан малға пішен шауып жинай алмайды. Соның үшін малды әр мезгілдің жағдайына, күннің райына қарай жаяды. Жаппастың жаз малды Арқаға қарай жайып шығатыны, жазды күні Сырдың бойы өте ыстық болып, қуаң тартады. Малға өріс бере алмай, жайсыз болады. Арқа жақтың жазға қарай қары кетіп, жері көктеп, көлдеріне су түсіп, жері, жазы малға қолайлы болады. Қысқа қарай Арқаға қар түсіп, жерді, шөпті басып қалатын болған соң, ел жылжып Сыр бойына түседі. Себеп: Сырда қысқа қарай қар түспей, түссе де жөнді болмай, күн райы жұмсап, жердегі өсімдігі артып, жайылыс мол болады. Осы сияқты әр ел жайылым, қоныс іздеп, қоныс аулап көшіп жүретін болған. Сөйтіп, әр елдің дағдылы көш жолы, беткейі болатын болған. Әрине, осылайша еркін бетімен жайыла көшіп жүргенде әр елдер, рулар кездеспей, соқтығыспай тұра алмайды. Соның үшін араларында көш жолына, қонысқа, суға талас – тартыс, жанжал болмай және тұрмайды», – деп жазды [57, 14-15 б.].

Осыдан келіп туындайтын жер дауы «Яса», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» сияқты дала заңдары арқылы шешіліп отырды. Онда көш жолын, өткелдер мен көпірлерді бұзуға, орманды кесуге, тоғай мен шабындықты өртеуге, бұлақ көздерін жабуға, жайылымдық, егістік, ауыз суларды жеке пайдалануға, меншіктеуге, ластауға, тиым салынған дәстүрлі заң баптары болды.

Дәл осы экономикалық саясатты Ә. Бөкейханов пен П.И. Швецов та ұсынды. Егерде жедел отырықшылануға көшсе қазақ халқы сөзсіз ашаршылыққа ұшырайды. Екіншіден, көшпелі экономикалық түзілімді сақтамаса, онда сөзсіз тәуелділікке көшіп, таза шикізаттың құлына айналады. Үшінші, олар крестьянданып, тез шоқынуға бейімделеді, – деп есептеді.

Ұлттық-демократиялық бағытты ұстанған «Алаш» партиясы, «Алашорда» халықтық кеңесі, «Алашорда» үкіметі ұсынған Біртұтас Алаш идеясы тұжырымдамасының басты ұстанымы ең алдымен осы жер мәселесіне қатысты болды. Әлихан Бөкейханов: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмесін. Өйткені, Жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны сіңген» – деп түсіндірді. Екінші, жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық шикізаттық игілікті игеруде қазақ мемлекетінің үлес салмағы Ә. Бөкейханов айтқандай: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалуға тиісті» болды. Үшінші, мәселе, ол – экономикалық тәуелсіздік мәселесі: қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киіле ме, жоқ па?» (Бөкейханов), яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен экономикалық бірлікке қол жеткізуге ұмтылуын» алғы шарт етіп қойды [52, 271 б.].

Яғни, бұл жер мен ауаның экологиялық тазалығына мемлекеттік тұрғыдан жауап беру деген сөз еді.

Міне, осындай өзекті мәселелерге өзінің көзқарасын білдірген және соны жүзеге асырудың жолын көрсеткен кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жарық көрген «Абай», «Сана», «Шолпан», «Таң», шет елде (Парижде) шығып тұрған «Жас Түркістан» журналдары табиғатты игерудегі экология мәселесіне бұрынғы басылымдардан көрі тереңдеп барды.

«Абай» журналында экологиялық сана, экологиялық мәдениет, экологияны ғылыми тұрғыдан игеру туралы Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің алғашқы мақалалары бұл тақырыпты игерудегі жаңа көзқарасты қалыптастыруға жол салды [44]. Журнал бетінде жарияланған «Ғылым» [44, 25 б.], «Будда», [44, 33 б.], «Құсбегі» [44, 47 б.], «Қазіргі екі керек нәрсе» [44, 279 б.], «Шаруа түзеу жолы» [44, 301 б.], «Мәдениет һәм ұлт» [44, 313 б.]

атты мақалаларда өзінің тақырып аясында табиғатты аялау мәселесі де қозғалады. Сонымен қатар сақара жұртына жұмбақ күйін сақтаған табиғаттың тосын апатты құбылыстарына ғылыми түсінік берілді.

Ал «Сана» журналындағы [48] «Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма» [48, 320 б.], [48, 62 б.], «Миллион деген немене?», [48, 65 б.], «Химия өндірістері» [48, 68 б.], «Қазақстан, Түркістан жері және халқының саны», [48, 76 б.], «Ай-кұлак», [48, 165 б.], «Әдет заңы», [48, 208 б.], «Жануарлар мен адамзат жаратылысы туралы», [48, 225 б.] атты жарияланымдарда тәрбие экологиясы мен өнеркәсіптік экологиясы және демографиялық экология мәселесі де қосымша тілге тиек етіледі,

Әдеби бағыттағы «Таң» журналында экология тақырыбы экологиялық тәрбие мен экологиялық мәдениет тұрғысынан қарастырылған [49, 20 б.], Оны «Ауыл мәселесінің негізі һәм ел мекемелері» [49, 368 б.] [37, 32 б.], «Кәсіпшілер жолы қандай болу керек?» [49, 42 б.], «Қоныстандыру мәселесі» [49, 69 б.], «Әлеумет тіршілігінің құрлысына қарай туатын оқу-тәрбие мақсұттары» [49, 100 б.], «Қазақ малы қайтсе асылданады?» [49, 217 б.], «Жер заңын кедейлерге жақындату керек» [49, 224 б.], «Семей гүбірнесінде жер суарудың мүмкіндігі» [49, 239 б.] деген тақырыптарынан-ақ байқауға болады,

Сонымен қатар «Таң» журналындағы «Кеңестер сотының негізі» [50, 42 б.], «Аймақты білу мәселесі» [50, 187 б.], «Қазақты қоныстандыру мәселесі», [50, 232 б.], «Егін шаруасының жаңа әдістерін қолдану үшін егіншілер не білу керек?» [50, 242 б.], «Баулу мектептің бірінші жылында жаратылыс сабағы», [50, 275 б.] атты мақалаларда экологиялық құқық сөз болады, Бір назар аудара кететін мәселе, «Кеңестер сотының негізі» атты мақалада жерді күтіп ұстау, эрозиядан сақтау, орманды қорғау, су көздерін тиімді пайдалану туралы арнайы заңдық жауапқа тарту мәселелері анық көрсетілмесе де, заң алдындағы жауапкершілікке тартылуы мүмкін екені жөнінде емеуірін етілген түсіндірмелер кездеседі,

«Шолпан» журналындағы [44 б.] «Жер хақында шыққан жаңа заң» [44, 52 б.], «Азаттықтың жолы осы» [44, 105 б.], «Түркістанда су мәселесі» [44, 142 б.], «Жетісу халқының тұрмысы тақырыпты», [44, 153 б.], «Жер сілкінуі», [44, 226 б.], «Дарвин сөздерінің негіздері» [44, 262 б.], «Өсімдіктердің түзілісі» [44, 268 б.], «Көктен түскен аждаһа» туралы» [45, 360 б.], [45, 281 б.], «Түркістан жер мәселесі қайдан шықты?», [45, 44 б.], «Көшпелі халықтарға қараған жер жұмысының түпкі негізі», [45, 48 б.], «Есің барда етегіңді жап!», [45, 83 б.], «Хауа», [45, 123 б.], «Өсімдіктердің түзілісі», [45, 135 б.], «Көктен түскен тас», [45, 149 б.], «Түркістанда жер алынудың қысқаша тарихы» [45, 315 б.], «Түркістанда егіндерді қолдан суару жұмысы, мақта һәм аяқты мал шаруасы» [45, 334 б.] табиғаттың тылсымы мен құпиясы, қоршаған орта, өндіріс

экологиясы, экология құқығы, экологиялық мәдениет тақырыбы жеке мәселе ретінде талданған,

Мұстафа Шоқайдың эмиграцияда жүріп шығарған «Жас Түркістан» журналында экологиялық мәселелерге саяси көзқарас тұрғысынан баға берілген [46, 35 б.]. Әсіресе, тікелей экологиялық зардапқа әкелетін, суды мол мөлшерде қажетсінетін, сөйтіп шағын өзендердің тартылуына жол беретін мақта шаруашылығына баса көңіл бөледі, Оларға отаршылдық қанау, табыс пен тұтыну мұқтаждығы үшін табиғаттың тепе-теңдігін орынсыз бұзуға жол берілуі мүмкін екендігіне назар аударады, Бұл пікірімізге сонда жарияланған «Түркістанда мақта төңірегінде күрес» [46, 16 б.], «Патшалық Россия министрі Кривошейннің Түркістан мақташылығына көзқарасы» [46, 25 б.], «Жапырақтар» [46, 38 б.], «Мақта атырабындағы күрес» [46, 84 б.], «Шығыста мұнай мен қан» [46, 150 б.], «Марс жұлдызына (өлең), [46, 183 б.], «Қозғалыстан тәуелсіздікке» [46, 201 б.], «Керенский және Түркістан ұлттық әрекеті» [46, 216 б.], «Түркістандағы мақташылық» [47, 72 б.], «Мақта өндірісіндегі зиянкестік», [47, 83 б.], «Түркістанның жер асты байлықтары» [47, 87 б.], «Түркістанның жер асты байлықтары» [47, 186 б.], «Түркістанның жер асты байлықтары» [47, 330 б.] атты мақалалардың тақырыптарының өзі соған анық дәлел,

Тақырыптарына қарап көтерілген экологиялық мәселелерді танымдық және тұрмыстық, экономикалық экология саласына жатқызғанымызбен де, бұл тақырыптар көшпелі, жартылай көшпелі, жартылай отырықшы қазақ жұрты үшін өмірлік маңызы бар, табиғаттың игілігі мен шикізатын тұтыну барысында туындаған экологиялық және демографиялық апатқа ұшырататын өзекті, өмір сүрудің нәрін үзетін мәселелерге назар аударған аса маңызды жайларды қамтыды. Ол жарияланымдарда: тікелей адам өліміне алып келетін табиғи жұттың, тоспалары нықтап бекітілмеген су қоймаларының арнасын бұзуынан туындайтын тасқынның, өзеннің басы қажеттен тыс атыздарға бұрылып, пайдаланылған ыза судан құралған сазды жердің орнынан көшуінен пайда болған селдің, немесе бас ағыстары тоспаға ұшырап, су аяғындағы елді күйзелткен қуаңшылықтың кесірінен аштықтан өлімге бойсынуға әкелетін қауіп талданып, соның алдын алуға бағытталған ұсыныстар мен қолданылуға тиісті мемлекеттік шаралар қамтылды.

Кеңестік қысым мен жалаң әлеуметтік ұран бой алдыра қоймаған тұстағы басылымдарда жарияланған экологиялық мәселелердің негізгі бағыттарын шартты түрде мынадай ортақ тақырыптарға жіктеуге болады.

Бірінші: экологиялық сауат ашу, табиғаттану, табиғаттың қилы апатты құбылыстарының себебін түсіндіру, өсімдіктер мен хайуанаттар әлемін таныстыра отырып, оны қадірлеу мен пайдалану жолдарын көрсету, табиғи апаттардан (жұт, сел, дүлей (смерчь), тасқын, қуаңшылық, тоғалақ найзағай

(шаровая молния), күн мен айдың тұтылуы, жердің сілкінуі, жыл топшылары, құйрықты жұлдыз т.б.) сақтанудың қам-қаракеттерімен таныстыру сияқты мәдени, ғылыми, оқу-ағарту бағытындағы жарияланымдар – жоғарыда аталған басылымдардың барлығында да кеңінен қамтылды.

Бұл құбылыстар – табиғат пен тіршілік қарекетін тікелей байланыстырған және оған тәуелді көшпелі, жартылай көшпелі қауым үшін аса құпия әрі қат білім қатпары еді. Осы ретте «Ф» деп қол қойған (Файзолла – ?) автор өзінің «Ғылым не береді?» атты мақаласында «Шын кісі деп айтуға сиярлық болу үшін, адам бүкіл дүниедегі заттардың не екенін білуге, яғни, бүкіл табиғатты тануға һәм ол табиғатта болатын әр түрлі өзгерістердің себептерін білуі тиіс. Сонда ғана, адам хайуандық дәрежесінен жоғары көтеріледі», – деп жазды [87, 164 б.].

Жердің, ағаштың, судың, ауаның, аспанның киесі бар деп түсінетін тәңірлік сенімді жадында сақтаған қыр елі үшін мұның барлығы табиғаттың заңынан тыс киелі күштің еркімен болған «жаза», «қарғыс», «зауал» ретінде қабылданды. Бұл туралы «Ф» өзінің жоғарыда аталған мақаласында: «Сондықтан, жұрттың көбі тіпті жабайы жұрттар да, табиғатты тануға, табиғаттың сырларын білуге құмар. Мәселен жұрттың көбі, көктегі күн, ай, жұлдыз дегендер немене екенін, не себепті біресе күн, біресе түн, біресе жаз, біресе қыс болатынын, не себептен найзағай жалтылдап, күн күркірейтінін және басқа толып жатқан осы сияқты нәрселерді білуге құмар. Мұндай нәрселерді көзге көрсетіп, қолға ұстағандай анық қылып айтып беретін – ғылым. Адамзаттың өмірі бастапқы дәуірлерінде, ғылым жоқ кезде, болса да нашар болып, жаңа туып келе жатқан кезде, кісі көп табиғи нәрселерді не екенін анық білмегендіктен, яғни, табиғатты жете танымағандықтан, (оны істейтін) құдай деп білген. Һәм табиғатта болатын әр түрлі өзгерістердің, әрқайсысының құдайы бар деп ойлаған. Осылайша, табиғатты тани алмағандықтан, һәм табиғаттың сырын білмегендіктен, мажусилер, яғни, құдай көп деп білушілер діні туады. Мажусиліктің қалдығы, осы күнге шейін бар. Мажусиліктен қалған жұрнақ, сөйтіп, табиғатты танымаған кісі, яғни, ғылым білмейтін надан кісі, құдайын да жөнді танымаған» – деп түсінік берді [87, 164 б.].

Мысалы, «Шолпан» журналында жарияланған «Көктен түскен аждаһа туралы» атты мақалада: «21 июль (жұма) күні қалың бұлт шығып, қатты жаңбыр жауды. Жаңбырдан бұрын Ор болысының үшінші ауылына қараған «Дөңгелек саз» деген жайлаудың үстінен жалаң суретті бір бұлт шұбатылып жерге қарай созылды (Көргендер бар шығар). Бұлттың түрі – құйрығы жіңішке, дәл ортасы әппақ таңдайланып, тарғыл келген. Бас жағы қалың бұлтқа астасқан. Осы бұлттың істеген жұмысы мынадай: «Дөңгелек саздың» суын бұрқыратып көкке шығарды. Көлдің маңында жайылып жүрген бір үш

жылқыны еркіне қоймай өзіне тартып, недәуір жерге апарып тастады. Ескі киіз үйді қаңбақтай ұшырды. Үйдегі абдыралардың (сандықтардың) кілтін бұзбай артын бұзып, ішіндегі нәрселерін жоқ қылып жіберген. Шкафтардың қақпағы жабулы күйінше, ішіндегі шыны-аяқтарды сындырып, үсті бүтін, астын қиратқан. Бір келіншектің үстіндегі көйлегін пара-пара қылып жыртқан. Сөйтіп жүргенде ішінде шырылдаған жас баланың дауысындай дауыс естілген. Осы дауыспен бір-екі қатын да талып қалған. Бұл туралы зор тәжірибелі фән көрген, табиғат біліміне жетік, жаңа, ескі демей білім иелері не айтар екен? Газет арқылы білген ғалымдар арқасында тәжірибелерін айтып түсіндірсе екен» – деген оқырманның хатын келтіре отырып, мақала авторы Файзолла «Бұның «смерч» деп аталатын өте үлкен күшті құйын...» – екенін айта келіп, оның ғылыми себептерін, әр елде орын алған кездері мен келтірген зиянын айта келіп: «Дөңгелек саздағы» жұрттың көргені қиямет жақындағандықтың әлеметі емес, жұрттың пейілі бұзылғандықтан көктен түскен аждаһа емес, «Заманның қандай түзу жағында» болған, ежелден болып келе жатқан һаманда анда-санда ғана емес, көп болатын «смерч»... Бұл жақта сирек болатын, ыстық жақтарда болатын табиғи нәрсе» – деп түсінік берген [87, 176-177 б.].

Табиғаттың осындай тылсым құпиялары қақында жарияланған «Тауасар есепші» [87, 51 б.], «Жердің сілкінуі» [87, 142 б.], «Жел, құйын» [87, 293-294 б.], «Көктен түскен тас» [87, 303-304 б.] атты мақалаларда көне түркі және қазақ жылнамашыларының табиғат құбылыстарын болжау есебі, көктен түскен құйрықты жұлдыз – меторит, жердің сілкіну себептері, оның түрлері және келтіретін зияны, жер сілкінісі болуы ықтимал аймақтар, жел мен құйынның пайда болу себептері жөнінде ғылыми пайымдаулар айтылған. Сел мен тасқынның өзін табиғаттың көрсеткен оқыс мінезі, реніші ретінде қабылдайтын бағзылық ұғымдағы қыр жұрты үшін мұндай мағлұматтардың маңызы ерекше.

Осы ретте «Шолпан» журналын шығарушылар алқасы табиғатты қорғау мен оны аялауға қатысты ғылыми дәйекті мағлұматтар беруді жүйелі мақсат ретінде ұстанған. Журналдың әр санында табиғаттың құпиялары мен жаратылыстың түзілімі, жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы «Ғылым не береді», «Дарвин сөздерінің негіздері», «Өсімдіктердің түзілісі» (Шолпан, № 4-5 және жалғасы № 6-8 санда), «Ауа», «Молекула», «Бұйымдардың мөлдірлігі һам түсі», «Хауаның барлығына дәлел», «Хауаның қысылғыштығы һам қайтпалылығы», «Хауаның салмағы», «Бұйымдардың жылылықтан жайылуы, суықтан қысылуы», «Бұйымның салмағына қарай орны», «Жел, құйын» (сонда, №6-8 сан) іспетті ғылыми зерттеулерге де орын беріліп отырған. Сол жарияланымдардың ішінде экология мәселесі де көтеріліп, оған ерекше мән берілуге тиісті екенін ескертіп отырған. Осы ретте сол жылдары жарық көрген

табиғаттың құпиясы мен тылсымы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы мағлұмат бере келіп: «Жағырафия сөзі», басылып болды, хариталар басылып жатыр. И.Тоқтыбаев. «Түркістан» тізіліп бітуге жақындады. Басығарин. «Күн күркіреуімен найзағайы не нәрсе тізілген жоқ», Х. Досмұхамедов «Табиғат тану» сөзі басылып бітті. Суреттері басылып жатыр. Х. Досмұхамедов «Жануарлар» бірінші бөлім тізіліп бітті. Жуық арада басылса керек. Х. Досмұхамедов. «Жануарлар» екінші бөлім тізіліп бітуге жақындады» – деген хабарлама да берген [87, 49 б.].

Мысалы, «Еңбек мектебі» атты өнеркәсіптік тұтынудың барынша қарқындап дамуы сай адамның табиғатқа, еңбек шикізатына, оны игеруге және тұтынуға аса үлкен еңбек мәдениеті керек екендігіне қаламгер Ғабдолла Байтасов арнайы тоқталған. Мақалада: «Мәдениет, тегінде екі түрлі болуға тиіс: бірі – ес мәдениеті, екіншісі – іс мәдениеті. Ес мәдениеті деп – адам баласының ой, пікір, сана саңлауының ұлғаюын айтады. Іс мәдениеті деп – адам баласының тән тіршілігіне азық беретін заттардың жетілуін, яғни шаруа жайының өркендеуін айтады» – деген пікір айтылады [87.426]. Осындағы «іс мәдениеті» деп отырғаны – табиғатты құрметтеу, оның өнімін үнемдеу, қорғау, яғни экология мәдениеті болып табылады. Мұны ол «еңбек мәдениеті», «еңбек мектебі» деген терминді қолдана отырып, жасөспірімдерді кәсіпке баулуға «іс мәдениетін» басты орынға қояды [87.225-230].

Жалпы өткен ғасырдың отызыншы жылдарына дейінгі қазақ халқының алдында өмір мен өлім шекарасын анықтап берген аса зәру әрі мүдделі мәселе – ғасырлар бойы жаттан қан төге қорғаған кең сахарадан қазақтың өзіне ұлтарактай жердің бұйырмауы еді. Өзге қоғамдық басылымдар сияқты «Шолпан» журналы да жер мәселесіне ерекше мән берді. Жер және оның байлығын тиімді игеру – сол жылдардағы қоғамдық басылымдардың басты тақырыбына айналды. Жер мен орманды тұтастай патшаның меншігі деп жариялаған 1867 жылғы мизамнан кейін құнарлы, сулы, орманды жердің барлығы «мемлекеттік меншік» деп кесіп алынып, қыр елі сортаң, шөлейт, шағылды, сусыз қу медиенге ығыстырылып, олардың жері 1862 жылы басыбайлылықтан босатылған қарашекпенділерге үлестіріліп берілді. Сөйтіп, өз жерінде отырып өзі жерсіз қалды. Мал шаруашылығы жұтады, егіншілік кәсіптен шеттетілді, күнкөрістің өзі қиынға соқты. Соның кесірінен «Ақсүйек», «Аққоян», «Мешін» атты жұтқа ұшырап, ақ таяқтарын ұстап қалды.

Жұт – көшпелі жұрт үшін он екі жылда бір қайырылып соғатын ежелгі табиғи апат болса да, жерден айырылған соң күнделікті өлім мен аштық себетін ажал аждаһасына айналды. Бұл адамдардың жан санының кемуіне алып келді, яғни, тек табиғи экологияның ғана емес, сонымен қатар демографиялық экологияны күйзеліске ұшыратты. Оған «Шолпан»

журналының 1922 жылғы № 2-3 сандарында (қараша, желтоқсан) жарияланған «Түркістанда» мал шаруашылығының осы күнгі жайы, һәм оның ілгері басуы турасында» атты С. Асфандировтың көлемді мақаласындағы мына кесте анық дәлел бола алады:

Кесте 1.1 1918-ші жылдан бастап, 1920-шы жылға шейін малдың кемігені (мың есебімен). Мал түріне қарай.

Жылдары	Ірі қара мал	Жылқы	Қой һәм ешкі	Шошқа	Барлығы
1918 жыл	243	2241	9370	106	11960
1920 жыл	8640	494	4323	53	13510

Кесте 1.2 1918-ші жылдан бастап, 1920-шы жылға шейін малдың кемігені (мың есебімен). Санына қарай.

Кемігені	1566	1797	15, 047	53	18463
Жүзден қалғаны	35, 5	21, 1	22, 3	50	78, 95

Сонымен, Түркістанда өткен заманда да жұт болып, мал әлденеше рет қырылған. Бірақ, бұл күндегідей малдың төрттен бірі жоғалған емес еді. Бүкіл республикада, жүзден 23, 6% мал қырылып отыр. Егерде, біз көшпелі аудандарға қарасақ, бар байлығының негізі болған қой, ешкінің өте кемігенін көреміз.

Осы күні жер жыртуға көлік жоқтықтан омашты адам сүйреп жер жыртып отыр. Түркістанда бар халықтың жартысы, оның ішінде жергілікті халықтың жүзден 75-і, өзінің тіршілігін мал шаруасымен байланыстырған. Һәм диханшылық шаруасы да мал шаруасымен байланыстырылған» [87, 85 б.].

Көшпелі жұртты жұтқа ұшыратқан табиғи апаттың зардабы отырықшы елді де тұралатып кеткен. Оның себебін С. Асфандияров сол мақаласында: «Жұмыс малының кеміп, егін шашатын жер 1, 819, 000 десятина кеміп отыр. Соныменен, жұрттың азық қылатын бидайы 958, 000 десятина кеміп отыр, һәм мақта шашатын жерден 364, 000 десятина кеміп отыр. Бұл, кемігендіктен Түркістан 45, 556, 000 пұт бидайы һәм 330, 634, 000 пұт мақтаны кем алып отыр. Міне, сол есепке қарағанда, 4 облыстікі болса да, жалпы Түркістанда осы қалып, әзірден бастап жұмысқа керек жылқы мен ірі қараны союдан һәм Түркістан топырағынан шетке шығаруды тоқтатпаса, һәм бұл малдарды көбейтіп ілгері бастыруға тығыз шаралар қарамаса, Түркістанның көп отырықшы аудандарында көп ұзамай-ақ, малдың орнына адам жегіліп мұнан

да гөрі егін шашатын жердің мөлшері кемімекші. Арықтар бұзылмақшы. Мақта кәсібі бітпекші. Һәм басқа да Түркістанда жүріп тіршілігі жүдеушілікке қалмақшы», – деп ашына жазды [87, 86 б.].

Осындай қысталаң кезеңде Түркістан коммунистер партиясы Һәм жетінші аймақтық партия конференциясы Түркістан коммунистер партиясының барлық мүшелеріне Ашық хат жариялап, «Күйзелген аудандарды көтеруге, мал шаруашылығын түзетуге, мақта шаруашылығын тірілтуге, су сақтау істерін жөндеуге кірісу қажет» – деген үндеу жариялауға мәжбүр болды [87, 21-23 б.]. Мәселе – үндеумен шешілмейтін. Сондықтан да Үндеуге қоса жер мәселесіне қатысты барлық қасіреттің түп тамырын қопарған, «Шолпанның» № 1 санында «М. Шағырша» деп қол қойған, № 2-3 санында «С. Асфандияров» деп өзінің ойын жазған жоғарыдағы конференция барысында пікір алысу үшін дайындаған С. Асфандияровтың көлемді баяндамасы ерекше назар аударады. Мәселені барынша өз заманына лайық зілмен жеткізген ғұлама азаматтың пікірлерінен түйінді-түйінді үзінділер беру арқылы ойымызды ортаға салуды жөн көрдік.

Сонымен Жер мәселесінің ушығу себебінің түпкі кілтпаны неде?

С. Асфандияров: «1908 жылы Жетісу облысына хұкметтің Һәм іштегі жерсіздердің өте назары түседі. Оның есепсіз көп байлығы, «жерінің жақсылығы көп, еңбек сіңірмей оп-оңай байып кетеді» – деген хабарлармен іштен қара шекпенділер лек-лек болып ағылады. Жергілікті халықтың жерін алып, келімсектерді орналастыратын мекеменің аз уақытта істеген ісін көрсету үшін (мына көрсеткішті – Н.Ж.) оқушылардың алдына тартамыз. Облысқа қарайтын жер – 36.139.535 десятина, пайдаға аспайтын қолайсыз жер – 4.786, 669 десятина. Жергілікті халықтан іштен келген келімсектердің пайдасына тартып алған жер – 4.193.346 десятина, жергілікті көшпелі халықтың пайдасына – 27.159.346 десятина. Жоғарыдағы есептің көрсетуіне қарағанда Жетісу облысындағы пайдаға аспайтын қолайсыз жерді шығарып тастағанда жүзден 87% қазақ-қырғыздар пайдасына, 13% іштен келген келімсектерге алынған болып көрініп отыр. Бірақ бұл санның көрсетуімен білмеген адам адасуы мүмкін. Қазақ-қырғыздан алып келімсектерге берген жердің көбі бұрыннан мехнаттанып, суғарып, тіршілік қылып келе жатқан жерлер Һәм суғаруы үшін көп мехнат керек емес жақсы жерлер алынған. Қазақ –қырғыз пайдасында қалған жерлердің ішінде көбі, тіршілік қылуға жарамайтын бетпақ, иен дала Һәм қарлы таулар» [87, 24 б.].

Бұл бөліс қазақтарға қандай зардаптар әкелді?

С. Асфандияров: «Сонымен, келімсектердің орнаған жері Алатаудың етегі. Өзендердің алабы, көлденеңі 15-тен 20-ға (десятинаға – Н.Ж.) шейін жер алып, шегін тартып алып, мал шаруасымен тіршілік қылатын көшпелі қазақ-қырғыз халқының бір жағынан ауыз суына, екінші жағынан мал жайылатын

жайылымдарына бөгет болыпты. Күн көретін жерден айырылып, жаздың уақытына қарай жайлау-күзеу деген сияқты жайылым өрісі тарылып, ата-бабасынан бері қарай ие болып меншіктеп келе жатқан қоныстан айырылып нашар күйге түсті. Өріс тарылғанның зардабынан, мал жұтқа, түрлі дертке, аштыққа ұшырап, ұсақталып кемуге айналды. Бұрын қоныстасы ретпен, бір ру екінші руға жәрдем қолын созып, ата көршілік борышын өтеу деген жоғала бастап, жұқа дәулеттілері малдан айырылып, тамақ асырауы үшін, қасындағы келімсектердің қаласына жалданып малай болып кетті. Тіршілік жүзінде мұндай халге түсу күйінің күн көргіштік дәулеттен айырылуы, қазақ-қырғыз халқының өсуі тоқтап кемуіне себеп болды. 1898-жылы әр үйде 5, 5 жан келетін еді. 1907-жылы 4, 75 жан, 1916-жылы 3, 5 жан келетін болды. Осы күнгі есепте мұнан да кем болуы тиіс. Сонымен 18 жылдың ішінде үй басына екі жаннан кеміген, болмаса 520 мың үйден 1.180 мың жан кеміген. 20-30 жылдың ішінде қазақ-қырғыз халқын Еуропаның «мәдениеті мен тарихы» жолына түсіп, зулап кеткендігін көрсетеді ғой!» [87, 24 б.].

Жерінен, өзен-көлінен, қыстауы мен шабындығынан айырылған көшпелілер, сулы танабынан қуып шығарылған дихандар келімсектерге жалшы болып кірді. Тұрмыс-тіршілігі басыбайлы күйге ұшыраған қазақтарды алда қандай тозақ күтіп тұр еді?

С. Асфандияров: «Бүйтіп алып істеген жұмыс – бір халықтың шаруасының екіншісі бір түріне зиян келтіреді. Болмаса халықты жоғалтып жібереді. Міне, осы халықтың, әсіресе, жергілікті халықтың мал шаруасына кесірі тиіп отыр. Фабрика, заводы көбірек Россия(ның) жалмауыз байлары қалталарын толтыру саясаты жолына түсіп кетіп, жергілікті халықтың тіршілігіне назарын салмады. Түркістанда мақта шашу жұмысына шұғыл кірісіп, Еуропаның капитализм ретімен жергілікті халықтың шырынын сору үшін, неше түрлі тұзақтар құрып, мал шаруасымен тіршілік қылатын халықтарды «өлмесен тұрма» деген күйге ұшыратты» [87, 25 б.].

Енді не істеу керек еді?

С. Асфандияров: «Мал шаруасымен тіршілік қылатын көшпелілерді осы күнгі малынан айырылып қалмайтын, һәм оны ілгері бастап өсіру үшін, қазірден оларды атамекен жерлеріне түпкілікті орналастыру қажет. Ескі замандағы жер қазынанікі, уақытша көшпелілер пайдалана береді. Хүкімет керек күні сырғанатып айдап жіберіп, тау-тасқа, бетпақ шөл далаға қаңғыратын қылып, қарасы өшкен күні, (ескі – Н.Ж.) үкіметпен бірге жер астына көмілді деп санап, бұлар(дың) орнығып отырып тіршілік қылатын жерлері түпкілікті болып белгіленуі керек» [87, 26 б.].

Азып-тозған жерді қалай түлетпек, ел қалай күнелтпек?

С. Асфандияров: «1911-ші жылғы есепке қарағанда, Түркістандағы бар малды жылқыға айналдырсақ 7, 861, 000 бас жылқы болмақшы. Күніне жылқы

басына 30 қадақтан шөп берілгенде, бір жылқы(ға) 1.965.260.000 (қадақ) ... пішен керек, қолдан асырағанда ай сайын 163.770.333 пұт пішен керек. Міне, бұл есепке қарағанда бар малды шөппен асыраймын дегенде, Түркістанның барлық пішенін бергенде бір-ақ айға жетпекші. Сондықтан, ілім жөнімен тапса да, тарих жүзінде тіршіліктің тепкісінде мал шаруасымен күн көретін көшпелі халықтар, ата-бабасынан бері қарай(ғы тәсілді қолданып), бір жылдың ішінде тебін, жайлау, күзеу, көктемде малынан қалмай жылжып көшіп жүруге тура келеді. Сондықтан, Түркістанда мал шаруасын ілгері бастыруға болады. Барлығын қолдан асыраймыз деп, қазіргі күнде қол жетпейтін нәрсеге пышақ ұрмайық» [87, 26 б.].

Санжар Асфандияровтың мақаласында көрсетілген көкейкесті жер мәселесі тек Жетісу облысына ғана емес, мұқым қазақ өлкесіне ортақ күйкі жағдай еді. Еділ, Жайық, Ертіс, Есіл өзендерінің бойынан он шақырымдық «жасыл белдеу» белгіленіп, оған қазақтардың мал суаруына да, жайылма шөптерді оруға да, орманды үй салу үшін пайдалануға да, көлден балық аулауға да тиым салынды. Ал онсыз да құнарсыз жерді тұякесті еткен, қыстық жем-шөппен қамтамасыз етілмеген, тиісті егін де еге алмаған қазақ елі қар ерте, әрі қалың түсіп, қыс аяғы созылып кеткен жылдары жұтқа ұшырады. Қолына таяқ қана ұстап қалған ауылдардың саны жыл сайын молая түсті. Бұл мұқым қыр елін жаппай ашаршылыққа ұшыратты. Тек 1921-1922 жылғы ашаршылықтың өзінен Қазақ өлкелік аштарға көмек комитетінің Мәскеуге жолдаған есебі бойынша 1, 5 миллион адам аштан өлген. Бұл туралы Ә. Бөкейханов өзінің «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 28 қазандағы санында М. Дулатовтың тапсырмасымен «Қазақ қанша?» атты шағын шолуын жариялады. Онда:

«1914 жылы Руссиядағы бар адам 161 миллион 700 мың болатын. Ол жылы қазақ қанша еді? 1896, 1907 жылы он жыл аралатып Көкшетау уезіндегі қазақты екі қайта есептеген. Осы екі есепті (өзара) салыстырсақ, қазақ өсімі жалпы адам баласының өсімінен артық көрінеді. Қазақта бір жылда екі жүзге үш адам қосылып өседі десек, 1914 жылғы қазақтың саны 6 миллион 470 мың болған болады.

Соғыс басталғаннан бері 10 жыл өтті. (Сонда) қазақтың он жылғы өсімі 979 мың. 17-21-жылдарда алаш жайын (елін) сүзек жайлады. 1917-жылы Түркістан, 1921-жылы Қазақстан жұтады. Ашаршылық болды, адамдар аштан өлді. Сонда қазақтың 10 жылғы өсімі өлді десек, осы күні қазақ 6 миллион 470 мың болады. Сүзектен, аштан өлген адам (саны) 970 мыңға есеп десек, өлікті көбейткен(де), осы күнгі қазақ санын азайтқан да (сол есеп) болады. 6 миллион 470 мыңнан 970 мың адам өлсе, бұл өзге сөзбен айтқанда жүзден (жүз адамға шаққанда) он бес (адам өлген) болады. Бұл не? Бұл мынау алаштың жайында

(елінде) ашы бар, тоғы бар, ауруы бар, сауы бар, 20 үйден 15 адам өлдіге (есеп) болады.

Қазақ өтірік айтсын, есепші көр соқырша жерді қармап есебін жаза алмасын, (сонда да) осы күнгі Түркістан (мен) Қазақстанның қазағы (мұнда Бұқара мен Хиуа қазағы жоқ) 6 миллион 470 мыңнан кем емес», – деп жазды [88].

Сондықтан да жер мәселесі экологиялық та, демографиялық та апаттың ушығуына алып келетін басты өмірлік мәселе еді. Кеңес үкіметінің бастапқы тұсында сол шиеленіскен күйінде сақталып қалған жер және оған меншік, бұрынғы жерлер мен каналдардың байырғы иесіне қайтарылуы, оны өңдеу, көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс салтына бейімделген жер нормасын сақтау мемлекеттік кезек күттірмейтін шара болатын. Бұрынғы қоныстанған қара шекпенділер құнарлы жер мен су көздерін, арық пен тоған бойларын, қыстаулар мен шабындықты байырғысынша иемденіп қала берді. Тек 1922 жылы ғана кеңес өкіметінің «Жер туралы заңы» жарияланды. Алайда онда Қазақстан, Түркістан, Кавказ өлкелік республикаларындағы қоныстанушылар мен жергілікті тұрғындардың арасындағы жер қатынасы анық шешілмеді. Керісінше, шет аймақтарға тағы да қоныстанушыларды әкелу жоспарланды. Жерді маусымдық қана пайдалануға құқық берілді.

«Шолпан» журналының 1922 жылғы №1 санында жарияланған Аскаловтың (Асқаров – ?) «Жер қақында шыққан жаңа заң» (Қазақ-қырғыз облыстарының болашағы) атты мақаласында көшпелі, жартылай көшпелі шаруалардың, жартылай мал шаруашылығына сүйенген отырықшы дихандардың жерді пайдалану тәртібі, жайлау, күздік, тебін, қыстау сияқты жер телімдерінің сақталуы туралы айта келіп, жерді бір маусымға емес, тұрақты меншіктеп беруді ұсынады. Ол өзінің пікірін: «Мұндай күйде, сол жерге, қатарынан он жылға бидай шашпайсың, себебі жер аз, шығымы кем басқа жерге аударып шашатын жер жоқ. Келесі жылы осы жер өзінде қалуына көзі жетпесе, иесі көңілсіз болып, жерді аздырмаудың қамын жемейді. (Жердің құнарлылығын сақтау үшін) жоңышқа, бақша шашу (егу) жұмыстары берекелі болады. Егерде дихан ол жер бір-ақ жылдық болмағанда, (оған) орнықты егін егер еді [87, 27 б.]. Осы күнде, әр жерде, уездерде, облыстарда һәм кіндікте жер жанжалын қарайтын һәм шешетін комиссиялар түзіліп жатыр. Ол комиссияда – жер бөлімінің бастығы, жер мәселесін шешетін мекеменің уәкілі, су бөлімінің адамы, заң бөлімінің бастығы һәм қосшы ұйымының бастығы бар.», –дей келе жерді эрозияға ұшыратпаудың да қажеттігін емеуірін етеді [87, 9 б.]. Заңға түсіндірмедегі: «Жер хақында шыққан жаңа заң, жалғыз ғана жер реформасының нәтижесіне ғана бекітпей, әрбір түрлі шаруа менен тіршілік қылып отырған ауылдардың жерін сақтау... жаңа заң жерді қай түрімен пайдалану ретінде кең жол беріп отыр» дегендегі [87, 30 б.] «әрбір

түрлі шаруа менен тіршілік қылып отырған ауылдардың жерін сақтау... жаңа заң жерді қай түрімен пайдалану» деген тіркестердің астарында жер экологиясын сақтау, яғни, топырақты тоздырмау мәселесі меңзеліп отырғаны анық. Бұл Түркістан Кіндік атқару комитетінің 1922-жылы 5-қыркүйекте шығарған «Жер туралы» III қаулысының 4-бабындағы: «жер берілгенде жердің маңызы (құнарлылығы – Н.Ж.) еске алынып, бөлініп шығушыларға жер пайдаланудың керекті түрін (яғни өтімді дақылды – Н.Ж.) қолдануға ықтияр берілмейді» – деген [87, 59 б.] жолдар жер экологиясын сақтауға бағытталған заңдық норма болып табылады. Оны орындау жолдары 7-бапта: «Жерді бөлуге шығушылар, һәм қалушылардың пайдасын тең ойлап, жердің берекесін алмас үшін, жерді бүйректесе арасына кісі жері қосылып, бөлшектенбей, жер арасы қашықтанбай су һәм жолдар менен пайдалану жағы тағы бұзылмай, һәм жердің шекарасы қисаймай, осылар сияқты басқаша реттерде еске алынып бөлінуі тиіс. Осы қаулыға лайықтап жер пайдаланудың бір түрінен екінші түріне өту үшін, жерді қайта бөлу һәм көпшіліктен шығушылар қолдану үшін төмендегі тәртіпті амалдануы керек» – деп көрсетілген [87, 59- 60 б.].

Іле бүкіл жер мемлекет меншігі деп жарияланды да, жер туралы мәселе күн тәртібінен алынып қалды. Оның есесіне иесіз жерді қалай болса солай пайдаланғандықтан да, «ұжымдық жер» ындыны кеппейтін эрозиялық апатқа бет алды. Жер – ортаныкі, ал ортақ жер – әр кімнің тебінінде кетті. Жер емес, оның қойынындағы өнім – құнды болды. Жер экологиясы мәселесін көтеруге баспасөздерде биресми түрде тиым салынды. Ол «жеңімпаздық пен жасампаздыққа», «жасасындата» қарқын алған социалистік индустрия мен «ұжымдық шаруашылыққа» кедергі жасайтын керітартпашыл, халық жауы ретінде қарастырылып, жазаға тартылды. Халық шаруашылығының зиянкесі есебінде әшкереленді. Бұл ғылымда да үстемдік құрды. Сол «табиғаттың бермесін» алуға ұмтылған науқаншылдық үдей келіп, XX ғасырдың алпысыншы жылдарының басында Қазақстан жерінің 70 % шаңды аймаққа айналдырды.

Жиырмамыншы – отызыншы жылдардағы баспасөзде ең көп және ашық көтерілген үшінші мәселе – су болды. Су – Қазақстан сияқты жартылай шөлейт және Орта Азия сияқты құмды, құмайт, сартопырақты өлкедегі ең қат мәселе болып келді. Бүгін де солай болып қалып отыр. Мұның басты себебі, жағырафиялық орналасуына байланысты еді. Өйткені Орталық Азия мен Қазақстанның алып шөлейтті ойпаң даласына құятын негізгі Амудария, Сырдария, Ертіс, Еділ, Жайық сияқты ірі өзендердің барлығы да өзінің бастауын Тәңіртау, Памир, Алатау, Орал сияқты сырт өлкеден алатын. Сондықтан да Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей аймақтары тасқын мен жайылма судан зардап шегіп жатқанымен де, сол таулардың бауырындағы

сарытопырақты, қуаң, шөл, шөлейтті, сортаң Тұран мен Торғай ойпатына, Үстіртке олардың су қоры толық жете бермейтін. Арал, Балқаш теңіздерінің жағырафия тарихының деректеріне қарағанда әр бес жүз жыл сайын тартылуы, Амудария мен Сырдарияның бірнеше рет ағыстарын, сілемдерін өзгертуі де ойпаттағы Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстік батыс етегін жұт пен жұтаңшылыққа, қуаңшылыққа ұрындырып отырды. Табиғаттың түрлі аумалы-төкпелі құбылыстарына бейімделген жергілікті жұрт дарияның жоғары ағысы мен төменгі ағыстарындағы су жүйесін белгілі бір дәстүрлі негізде пайдаланды. Госпалар мен бөгеттер, арықтар мен тоғандар, су бұрмалары мен арық құлақтары жыл мезгілдеріне қарай, әр өңірдегі ауа райы мен егіс дақылдарының өсу, сулану, булану деңгейіне қарай реттеліп отырды. Жер асты кәріздері, шыңырау құдықтар, шығырлар қазылды. Сол арқылы атыздар дер кезінде суарылып, жылдық өнімнің шығымын қамтамасыз етті.

7-аймақтық партия конференциясында «Түркістандағы су мәселесі» жөнінде баяндама жасаған ғалым Севастьяновтың «Шолпан» журналының 1922 жылғы № 2-3 санында (қараша, желтоқсан) жарияланға мақаласында бұл мәселеге егжей-тегжейлі тоқталған. Ол өзінің сөзінде: «Түркістанның ол шетіменен бұл шеті ұшы қиыры жоқ. Жатқан бір жалпақ сусыз дала. Сол сусыз жолдың шетін, адам баласы бірте-бірте кеміріп, үлгіртіп келеді. Халқы қалың ел, өнімді жері жол арасындағы қолдан су шығарылған аудандар болады. Түркістанда қолдан суғарылатын жердің шамасы 3 млн. десятинадан аспайды. Жәнеде оның жартысынан көбі Сырдария суынан суғарылады» – деп [87.90 бет] қысқаша Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік батыс өңірінің табиғатына, жер орайына сыпаттама бере келіп, қысқаша тарихи шолу жасайды.

«Сырдария суының көбі қолдан суғарылатын егістіктерге жаратылады. Орта Азияда (бір секунд ішінде 100 текше сарқын су ағатын) судың үлкен саласы – Амудария. Қазіргі кезде Амудариядан қанша десятина жердің суғарылатыны белгісіз болса да, бір кезде Амударияның атағы жер жарып, қадірі асқан дария еді. Жәнеде, келешегі де солай болса керек. Амудария суынан пайдаланатын Бұқара, Хиуа елдері.

Төрткөл һәм, Түрікпен облыстарының келешегі – Амудариямен байланысқан. Сондықтан, Амударияның суын жақсы пайдалану үшін, Амударияны Каспий теңізіне құлату (бұру – Н.Ж.). Амудариядан арықтар шығарып, Амудария(ның) суын Каспий, Әмір-Арал теңізіне жеткізбей, егістер үшін пайдаланудың қамына кірісу. Яки болмаса, Амудариядан үлкен арықша шығарып, Мерв, Теджен ойпаттарын үлгірту керек сияқты көрінеді», – деген мағлұмат береді [87, 90 б.].

Міне, осы тарихи шолудағы «Амударияның суын жақсы пайдалану үшін, Амударияны Каспий теңізіне құлату (бұру – Н.Ж.). Амудариядан арықтар

шығарып, Амудария(ның) суын Каспий, Әмір-Арал теңізіне жеткізбей, егістер үшін пайдаланудың қамына кірісу» – деген сөздердің астарында жарты ғасыр өткен соң әлемдік экологиялық апат аймағына айналған, жер шарындағы қауіпті «қатерлі жараға» айналған Арал теңізін құрып кетуге әкелген экологиялық апатты жоспар жатыр. Бұл жоба бара-бара тиянақты түрде жүзеге асырылды. Амударияның суы бүтіндей Арал теңізіне құймады, Сырдарияның сарқыны ғана қалды. Арал теңізі құрлықтағы ақ сортаңға айналды.

Сонымен қатар Қазақстан даласының шөлейтті Бетпақдаласына нәр беріп тұрған Қырғыз Алатауынан басталатын су көздерінің де сұрықсыз келешегін атап өтті. Ол: «Талас өзені ілгеріде Шуға құйып, Шу барып Сырдарияға құятын еді. Қазір, Талас өзені Шуға толмайды (жетпейді). Шу да Сырдарияға жетпейді. Шу дариясын(ан) арықтар шығарып, қамау жасап, суын пайдалану туралы іс бастаса да, әлі де ол іс жүзеге асқан жоқ» – деп [87, 90 б.] мәлімдеді.

Мұндай кесірлі жобалардың ақыры Шу өзенінің түбін құрдымға сіңіріп тынды. Бетпақдаладағы алып өңірді нәрлендіріп тұрған Шу мен Сарысу, Кеңгір өзендері құмға сіңіп кетті де, Сырға апарып құймайтын болды. Соның салдарынан мың шақырымдық қашықтықтағы қазақ ауылдары және олардың күнкөрістік тіршіліктері тәркі етілді. Жайлау мен қыстауын тастап, ғасырлар бойы мекендеген көш жолын тастап, қоныс аударуға мәжбүр болды. Біраз жұрт жұтқа, ашаршылыққа ұшырады. Бұрынғы қорықтар саз, балшыққа айналды.

Мұның басты себебі, отаршыл империяның жергілікті табиғи ортаның заңдылықтарымен санаспауында, уақытша пайда үшін табиғи байлық пен қоршаған ортаны талан-таражға салып, жергілікті халықтың мүддесімен санаспай, олар мекендеп отырған жер мен суды жыртқыштықпен пайдалануында еді. Бұл мәселені де Севастянов ашына отырып: «Патшашыл хүкіметі тұсында қолдан су шығару туралы басталған істің ең зоры – Шу дариясынан су шығару ісі еді. Оның не хәлде екені, жоғарыда айтылды. Одан кейінгісі Мұрғаб ойпаңына, Мырзашөл даласына су шығару еді. 1912-жылы, Керюшин «Түркістан шаруасы» (деген) тақырыпта патшаға баяндама жасаған. Сол баяндаманың ішінде: «Осы уақытқа шейін, қолдан су шығару туралы орыс өкіметі Түркістанда түкте істеген жоқ» – деген пікірді кіргізген.

Баяндаманың тағы бір жерінде Керюшин мынадай деген: «Ілгері заманда атын қалдыру үшін бір елді бағындырған мемлекет үлкен арық қыздырушы еді. Біздің орыс өкіметі оны да істеген жоқ. Мұны мойынға алу керек».

Қолдан су шығару тақырыбын (мәселесін – Н.Ж.) Түркістанның келешегін патша өкіметі көздемеген. Сондықтан Мырзашөл даласын су алдырып. Безгек кеселіне толтырды.

Профессор Ризенкамф, Постышев, Маликин дегендердің айтуына қарағанда: Мырзашөл даласына су шығару үшін қазылған арықтың жол-

жобасы жасалғанда, жетпестігі (кемшілігі – Н.Ж.) көп болған. Сондықтан, Мырзашөл даласын үлгерту(дің) (игерудің) орнына, шалшық су басып, арық қазу ісін басқарған «білгіштердің» білгіштері (кесірінен – Н.Ж.), Мырзашөл даласы шалшыққа айналып пайдадан шығып қалды», – [87, 93 б.] деп баяндады.

Орта Азиядағы мақта өндірісінің өнеркәсіптік негізде дамуы бұл аймақтың бұрынғы жерді пайдалану, суару, су бөлісі сияқты дәстүрлі қолданымдарын өрескел бұзды. Ғалым Севастьянов өзінің мақаласының «Су пайдалану туралы қолданылып келген әдет-рәсімдер» атты тарауында бұған ерекше тоқталып өтеді. Ол:

«Суды пайдалануда Түркістанда жергілікті жұрттар түрлі ескі әдет-рәсімдерді қолданып келеді. Ол әдет рәсімдер мынадай еді:

1. Жер мен судың қожасы – құдай, сондықтан оны сатуға, сатып алуға болмайды.
2. Жер сатып алушының қолына сатып алған жеріменен бірге бұрынғы жер иесінің пайдаланып жүрген сыбағалы суы да өтеді.
3. Су пайдаланушылар барлық істелетін еңбек болатын қаражаттарды пайдаланатын суына қарай ортадан шығарады.
4. Су аздықтан, егілген егінге жетпейтін болса, суды бөліп пайдаланады. Яки, тіпті аз болса, судың аяғынан жоғары қарай су ішеді.
5. Тиісті сыбағалы судан артық, яки, ұрлап пайдаланушылар айыпты саналып жаза тартады.
6. Су (жөнінде) түрлі дау-жанжал болса, оны шешетін қадірлі ел ақсақалдары болады.
7. Арық жағасына ағаш егу – арық егесінің меншікті құқығы саналады.
8. Суды жөндеп басқару үшін су пайдаланушылар арасынан мұрап сайланады.
9. Мұраптың алатын белгілі қызметақысы жоқ, бірақ, істеген қызметіне қарай һар дихан жәрдем етеді.
10. Бір арықтың суымен бір ауыл, яки, қыстақ пайдаланбай, бірнеше ауыл, яки, қыстақтар пайдаланатын болса, олар өз араларынан сенімді ұяты барлардан мұрап сайлайды. Жәнеде қызмет ақысын астықтай береді.
11. Арықтың сағасы дариядан шығып, бөгеті болса, сол бөгетті күзету үшін мұрап сайланады.
12. Суды пайдалану жолы – құлақ болады. Құлақ деп – бір диірменді жүргізетін, айналдыратын судың жартысын айтады.
13. Һар дихан өзінің пайдаланатын құлақ суына қарай су қызметіне қатысады. Жәнеде не түрлі су қызметі һам керекті жұмысшылар болса да, она белгілейтін мұрап болады.
14. Су жұмысы тақырыпты (мәселесі) көршілес диханға жәрдем ету, құдайдың бұйрық ісі – деген жергілікті жұрттар арасында туыстық (бауырмалдық) бар.

Ашық пайдасы көрініп тұрған соң, диірменде суды қалай пайдаланатыны һам ... арықтар туралы біз жазғамыз жоқ. Су пайдалану туралы ескі жол, тәртіптер талай заманнан бергі тәжірибелерден туып отырғаны анық. Һам көпшіліктің су пайдалану қақындағы тәртіптері, жерді өз қолына алғандардың суға ие болуын көздейтіні үшін. Сондықтан су жұмысына хұкметтің араласуы – өте керек істің бірі.

Патшашыл хукметтің тұсында су заңы қақында жасалған жобаның түпкі пікірі (пиғылы) – машинамен су шығарудағы қызметті көздеген мақсат. Жәнеде су жұмысына капитализмнің араласуы – су(ды) пайдалану тақырыптағы (мәселесінде) ескі тәртіптерді қалдыру (жою) еді. Келімсектерді, капитал қожаларын суға ие қылу еді» – деп жазды [87, 94-95 б.].

Патшалық самодержавиенің отарлау саясаты, капиталистік өнеркәсіптік қарым-қатынас, келімсектердің заңсыз баса көктеуі, жер мен суды басқыншылықпен иеленуі, дихандық дәстүрді бұзуы – ғасырлар бойы қалыптасқан суды пайдалану дәстүрін бұзды. Соның нәтижесінде су көздері ысыраппен пайдаланылды. Бетімен кеткен сулар Мырзашөл сияқты ойпаттарды шалшыққа айналдырды. Су аяғындағылардың егіні суарылмай қалды. Ескі арықтар, тоғандар, тоспалар бұзылып, топырақ үйіндісіне айналды. Егіншілік жаппай күйзеліске түсті. Бұған 1916-1926 жылдардың арасындағы кеңес төңкерісі, азаматтық соғыс, аштық пен жұт үлкен зардабын тигізді.

Оған Севастяновтың мақаласындағы «Қолдан су шығару (канал, тоған, тоспа, арық қазу – Н.Ж.) жұмысының келешегі» туралы тараудағы: Мырзашөл даласы егін бітпейтін шалшық суға айналуын, пайдадан шығуын, кейбір ақылсыз тарих сыншылары кеңес өкіметінен көргісі келеді. Ол, тіпті, орынсыз. Өйткені, Мырзашөл арығы кеңес өкіметі тұсында қазылған емес. Жәнеде Мырзашөл арығын түзету үшін өзіне сарп етілген дүниедей (қаржыдай – Н.Ж.) тағы да сондай дүние (қаржы) керек көрінеді. Кеңес өкіметі Деникин, Врангель, Колчак сияқты революцияның өзіне түскен (қарсы шыққан – Н.Ж.) дұшпандарымен жауласып шаршағандықтан, Мырзашөл арығын жөндеуге күш-қуаты жетпей отыр. Сонда да болса, есепсіз дүниені сарп етіп, талай еңбек сіңгендіктен, осы күнде (оны) тастай беруге (салуға) болмайды. Мұрғаб дариясынан су шығару жұмысы, Мырзашөл даласы сияқты емес, онан көрі оңай көрінеді. Мұрғаптан шығарылған арықтарды түзету, жамау жұмысы, және де Мырзашөл арықтарының кейбіреулерін өңдеу өте қиын емес. Сондықтан ол жұмысқа кірісу өте қажет. Шудан су шығару жұмысы осы күні де тоқтап (қалды)... Ол үшін алып барылған аспап-құралдарды темір жолмен қайта алып келу, қаражаты, сол арықтардың кейбіреуін қазып бітіру үшін істелетін қаражаттан аз болмаса керек. Сол себептен, Шудан су шығару жұмысын осы күнде тоқтатудың тіпті қажеті жоқ», – деген уәжі дәлел [87, 91 б.].

Жоғарыдағыдай Түркістандағы суды пайдалану мәселесін талдай келе ғалым Севастянов өзінің пікірін: «Бір жағынан су жұмысы тәртіпті жолға құрылып, екінші жағынан су байлығы мемлекет қолына өту қажет. Мемлекет су байлығын өз қолына алса, бос жатқан жерлерге де су шығарып, (егін) егуге болатыны анық. «Су пайдаланудан шығатын пайда, һәм су пайдалану

мәселелерінің негіздері, әлі шешілмей келеді» – деп профессор Шаяновтың айтқанында тіпті қате жоқ. [87, 96 б.]. «1. Әдейі де қамау «бөгет, тоспа – жасап, су (қоймасын – Н.Ж.) жасау жолы; 2. Судың мөлшері һәм, келетін мерзіміне қарай, суғаруды керек қылатын егіннің түрін егу» – деп қорытады [87, 96 б.].

Міне, «Жерді, суды пайдалану туралы» Түркістан өлкесінің қаулысы шығар алдында осындай пікірлер ортаға салынып, кейін ауыл шаруашылығы саласында басшылыққа алынған. Сол орайда жерді пайдалану мен су бөлісіне орай өткізілген 7-аймақтық партия конференцияда «Қалада һәм ауыл, қыстақтарда істелуге тиіс кезекті шаруа істері қақында» баяндама жасаған Паскуцкий табиғат экологиясын қамтитын мынадай негізгі міндеттер мен ұсыныстар айтты:

«...Қолдан су шығару туралы. Өте керекті ғана жерлер мемлекет қолында қалып, қалғандары жер-жерлердің ыхтиярына берілуі керек көрінеді. Солай болғанда, мемлекеттің қолында 15-ке жақын қолдан су шығарылатын үлкен орындар қалады. Һәр облыс, уездерде, керекті саналған жер жерлерде, қолдан су шығару жұмысы өз бетінше істелуі тиіс. Су жүретін жолдарды тазалау, суды бөлу істері дихандардың өз қолдарына берілуі керек. Өйткені, ол іс дихандардың қатысымен ғана түзелетін ісі, бұдан былай біздің жұмысымыз. Осы тәртіппен жүрілсе, қолдан су шығару жұмысын көркейтп, бұрынғы жылдарда суғарылатын 2, 400, 000 десятина жерге тағы су жеткізу мүмкін. Бірақ, кімдермен бірігіп істеп, кімдер бізге сүйеніш бола алады. Мінекей, алдымызда тұрған мәселенің үлкені осы. Жер комиссариятының алдында тұрған үлкен міндетті істерінің бірі – жер пайдалану ісін тәртіпті, мәдени жолға қою болуға тиіс. Бұл туралы істелетін жұмыстың зоры – тұқым даярлау ісі. Астық жетпей, жер пайдалану ісі тәртіпті жолға қойылмай тұрғандықтың зор себебі – тұқымның аздығы. Сондықтан тұқым даярлау ісіне қатты кірісу қажет [87, 74 б.].

Ол өзінің осы сөзінде Амудария мен Сырдарияның суын арықтар ретке келтірумен қатар: «Біздің екпінді жұмыстарымыздың (мақсаты – Н.Ж.) қарқынды тау байлықтарын пайдалану ісін тәртіпті жолға салу еді. Ол туралы алғы зияннан басқа іс жүзінде түк істелген жоқ», – деп атап көрсетті [87, 75 б.]. Паскуцкийдің «тәртіпті жолға түскен жоқ» деген сөзінің астарында экологиялық тепе-теңдікті сақтау, табиғатты қорғау, оның шикізатын үнемді әрі қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей етіп пайдалану мәселесі жатқаны сөзсіз. Шындығында да, ол кезде экологиялық «тәртіп» туралы түк те істелген жоқ еді. Істелуі де мүмкін емес болатын.

Ал Санжар Асфандияров бұл конференцияда жер мен су мәселесінен тікелей зардап шегіп отырған қыр елінің тағдырына, оның экологиялық тауқыметіне назар аударып: «Көшпелі тұрмыстан жатақтыққа өткен елдерге қыстақ салу үшін жер берілуі тиіс. Жарты(лай) көшпелі елдерге қыстақ салу

үшін жер беріліп, оның үстіне жаз жайлау берілуі керек. Таза көшпелі елдерге жаз жайлау, қыс қыстау һәм егістік берілгенде ғана тіршіліктері түзеледі. Тіршілік жүзінде осы істерді орындайтын Жер-су комиссариаты еді» – деген пікір білдірді [87, 76 б.]. Сонымен қатар ол: «Қалған мәселелердің зоры – қолдан су шығару жұмысы. Қолдан су шығару жұмысының хәлі өте нашар. Өйткені, өткен жылы көп жерлерді су басып, су жүргізілетін жолдар үлкен апатқа ұшырады. Бұдан былайда, су жұмысының хәлі осындай болуы мүмкін. Бірақ, осындай апаттардан құтылып, егістерді суғаратын жолдарды арық-атыздарды сақтап қалуы үшін, көп ақша керек» екендігін мәселе етіп қойды [87, 77 б.].

Осы 7-конференцияда жер мен су мәселесі қақындағы пікір алысуда ғалым Севастьянов табиғи шикізаттар мен жер байлығын, суды игеру, тұқым себу, өнім алу мәселесіне ғылым жетістігі араласпаса, істің ақыры өкінішке әкелетінін ескертті. Соған орай кеңестік жер мен су, табиғи тепе-теңдікті сақтау, егіс тұқымын асылдандыру, су көзін үнемді пайдалану қажеттігін баса айтты. Ол өзінің пікірін:

«Жол-жөн қарастыра бергенше, сансыз шығарылып жатқан заңдар тіршілікке үйлеспей жатқанда, Түркістандағы су шығару жұмысын алға бастыру қамына кірісу, жаңада судың арықтар бойында қалмайтын жолдарын қарастыру жөн емес пе еді? Кейде, бір істеуі (құнары – Н.Ж.) келіспеген жерлердегі егістерді өте жиі суғару, егінді нашарлататын егетін егіннің түрін (егу), судың мөлшеріне байласпайтыны (мерзімі үйлеспейтіні – Н.Ж.), судың өте керек кезінде су жинау, тағыда түрлі-түрлі осылар сияқты оңбайтын істер біздің Түркістанда, жүдә көп болады. Сондықтан, судың басындағылары суға тұншығып жатқанда, аяғында(ғы) егістіктерге су жетпейтін реттері де болады.

Су мәселесін шешу үшін, кең жол салыну (ашылу) қажет деген жақтың пікірін шын қуаттап, Жер-су комиссариатына біздің айтатынымыз мынау еді. Жылдың ішінде су заңы үш шығарылып, жүз рет түзетілгенменде, жергілікті шарттарға қарай білімге сүйенбесе, тіршілікке мүлде үйлеспейді» – деп қорытты [87, 94 б.].

Бұл пікірдің мәні сол кездің өзінде үлкен күрделі мәселені алдыға тартты. Өйткені, құнарсыз жерге егін егіп, бір жылдан кейін эрозияға ұшырап, не егіндікке, не малға пайдасын тигізбейтін ақ тақырлар пайда бола бастады. Бұл жөнінде қырғыз ағартушысы «Қатаған» деген бүркеншік атпен қырғыз тілінде мақала жазған Ишанғали Арабаев өзінің көргендерін:

«Жетісуда қырғыз-қазақ жер пайдасын қандай (қалай – Н.Ж.) көріп жатыр? Бұл турада, агроном болмағанменен де Бішпек, Қарақол, Нарын уезіндегі жердің түз-түзі (құрылымы – Н.Ж.) қанша өнім берері мағлұм болып отыр. Қарақол уезінің күнбатыс тарапындағы көп жері, Нарын уезі бүтін Бішпектің зағоны, районы – ақ топырақ аяқты малға жайлы (болғанымен де),

бір жерге екі жылдан артық егілсе – егін шықпайды. Екінші түрлі айтқанда, арықтап (жер тозып – Н.Ж.), өнімі қуаты бітіп (азайып – Н.Ж.), басқа (арам) шөп шығады. Екі жылдан бері егін салдыру компаниясы бұл жерлерге күштеп (зорлықпен жыртып), айдаусыз (жыртылмаған – Н.Ж.) жер қоймай, жаракты жердің бәрі айдалды (жыртылды – Н.Ж.). Міне, мұндай (жауапсыздықтан соң – Н.Ж.) бұл айтылмыш райондарда, егін болмауы (шықпауы – Н.Ж.) ашық көрініп тұр. Мұндағы жерге мехнат қылып ауқат қылған кедей-кембағалдардың мұнан соңғы тұрмыс һәм күн көрісі қиынға айналып отыр. Мұның қамын әзір таң (күні – Н.Ж.) ойланып, шарасын қылмаса, кедейлер әлі де, алдына босып кетуге айналып отыр» –деп баяндайды [87, 98 б.].

Мақаладағы пікір сол ескерілмеген күйінде қалғаны өкінішті. Өйткені, әсіреураншылдықтың соңы үлкен экологиялық апатқа жол ашты. Мұндай келеңсіз көріністер, науқаншылдық «тың игеру» науқаны кезінде үлкен кесірін тигізді. Мұқым қазақ даласы «шанды боранға», сортаңға айналды.

Бұл мәселе – жердің эрозияға ұшырау қаупі сонау жиырмамыншы-отызыншы жылдары-ақ қазақ баспасөздерінде көтеріліп, күн тәртібіне мәселе етіп қойылған екен. Оған сол «Шолпан» журналының 1923 бірігіп шыққан №6-8 сандарындағы «К.Б» деген бүркеншік атпен жарияланған «Түркістанда егіндерді қолдан суару жұмысы, мақта һәм аяқты мал шаруасы» атты мақала анық дәлел. Мұнда Сырдария сикты ұлы өзендердің суы өнеркәсіптің мұқтажына қызмет ету бағытының барған сайын ұлғайып, оның арнасы мен тазалығына нұқсан келтіріп, деңгейі түскен танап суларының орнын сортаң басатыны ескертілген. Онда Сырдарияның суын мөлшерсіз пайдалану – Арал ойпатының жер бедері мен Арал теңізінің деңгейіне кері әсерін тигізетін болжам ретінде айтылған. Мақала авторы өзінің ойын:

«Алдымен сортаң жерлердің мәселесін қозғап, онан кейін қалған суғаруға келетін жерлер(дің) мәселесіне қарай жағалап келерміз. Сортаң жерлерді үлгілеу (игеру – Н.Ж.) мәселесінің түбіне ілім жетіп, тәжірибелер көрсетіп, жемісін беріп отырмақ, қолданылатын әдістер меңзелмек. Мұны күні бұрын ескеруіміз артық (қажет – Н.Ж.). Сонда да, сортаң жерлер қайдан пайда болады, һәм оның шаруашылыққа келтіретін зияны қай түрде, соны қысқаша айтып өткен соң, негізгі мақсатымызға түсерміз (көшеміз – Н.Ж.).

Арал теңізі мен Каспий теңізінің арасында жатқан кең ойпат, һәм Түркістанның қайсыбір жерлері, Россия қоластының бөтен жерінен айрықша сортабы көп. Мұндай жерлердің мүлде шөп шықпай, жым-жылас болып та, яки, қауақ, жаман, аласа шөптер шығатындары да бар [87, 417 б.]. Ішкі Россияның фабрикаттарына, һәм Түркістан шаруашылығына керекті мақтаға, басқа түрлі егіндерге керекті суларды алып шығатын арықтар һәм су бөлетін, сақтайтын аспаптар өзгерістің (төңкерістің – Н.Ж.) тұсында көмілген,

бұзылған, қираған. Бүкіл дүние соғысы басталғалы арықтар ашылмаған, аспаптар түзетілмеген.

Сырдария сияқты су беретін дариялардың сулары, ар жағында кемімесе де, көмілген арықтар һәм бұзылған аспаптар мен егіндерге келетін сулардың саны өте азайған», – деп жеткізген [87, 421 б.].

Бұл мақала осыдан отыз жылдан кейінгі болатын Арал теңізінің қасіретті тағдыры туралы ескерту сияқты.

«Шолпан» журналының 1923 жылы бірігіп шыққан № 6-8 сандарындағы «Орта Азия шаруашылық ауданы» атты авторы белгісіз мақаланың «Ағаш байлығы» атты тарауында табиғатты қорғаудың ең ұтымды шарасының бірі – ағаш егу мәселесіне тоқталады. Онда: «Түркістанда осы күні 29, 6 миллион десятина тоғай бар деп саналады. Бұл айтылғандардан кәсіпке жарайтын сүйектілері: Бұқарада – 490. 880 десятина, Түркістанда – 15 700 000 десятина. Келесіде Орта Азия өнімі өсіп, гүлденуі үшін тоғайлардың көп қызметі болуы керек. Сондықтан, барлық тоғайдың алдымен есебін алып, басқару жұмыстарын дұрыс тәртіпке салу қажет. Әйтпесе, кәсіп үшін де, отын үшін де, жеміс үшін де керекті ағаштар пайдаға аспай қалып, өз-өзінен құрып кетуі мүмкін. Орта Азиядағы көп көшпелі құмдарды орнықтырып тұрған да осы тоғайлар деп түсіну керек. Өткен жылдарғы үлкен соғыс пен өзгеріс оқиғалары Орта Азия республикаларының шаруасын жүдетіп кетті. 1917 жыл мен 1920 жылдың арасында халқы да азайды. Түркістан республикасы 20%, Бұқарадан 25%-дай, Хиуадан өте көп жан кеміді. Түркістан, әсіресе, халқы кеміген орындар Жетісу мен Төрткөл облыстары болды. Бұл республикалардың бұрынғыға қарағанда кәсіп реттері де кеміді. Малы да азайды. Мәселен, Түркістан республикасының басты малы бұрынғыдан 58% кемуге саяды», – деген мағлұмат берілген [87, 406 б.].

Орман, тоғайдың құмды тоқтатуға, яғни, экологиялық апаттың алдын алуға септігі тиетіндігі туралы бұл мақаланы кейінгі күндердің қамын ойлаған ескерту шарасының бірі деп қабылдауға болады.

Қорыта айтқанда, Кеңес өкіметінің баспасөзге бақылауы толық жүзеге аспаған, ұлттық интеллигенцияның еркін пікірін баспасөз арқылы жариялауға мүмкіндік туып тұрған 1917-1930 жылдардың аралығындағы басылымдарда табиғатты, жерді экологиялық тұрғыдан қорғау, оның өнімдерін үнеммен және ықтиятты түрде тепе-теңдікті сақтай отырып, келер ұрпаққа туған топырақтың жүдемей, тозбай (эрозияға ұшырамай) жетуіне деген жанашырлық пікірлер еркін айтылған. Мақта, күріш өнімдерінің жаппай науқандық екпінмен қолға алынып, өзен, судың қорына зиян келтіруі қаупі барлығын ескерткен.

Өкінішке қарай ол басылымдардың бұл пікірлері «халық жауының» еңбекші халықты арандатуы ретінде қабылданып, барлығы да коммунистік партия тарабынан жабылып тынды. Сөйтіп, баспасөздегі ашық пікірге ширек

ғасырдан астам уақыт бойы тиым салынды. Экология, табиғаттың тепе-тендігін сақтау, өнеркәсіптің экологиялық тұрғыдан зиянсыздығын ойластыру туралы сөз – социалистік жасампаздыққа қарсы пиғыл деп танылды. Оның есесіне «табиғаттың бермесін тартып аламыз», «табиғатты адамға табындырамыз» деген жасасындатқан ұран баспасөздердің, оның ішінде қазақстандық басылымдардың басты тақырыбына айналды. ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында (Қызылорда, 1928 жылғы 25-29 сәуір) «Жаппай ұжымдастыру, отырықшылдандыру», «жерге орналастыру жұмыстарының 1928-1929 жылдарға арналған жоспарын құрудың негізгі принциптері» мен Қазақстанды аудандастыру, «аса маңызды шағын аудандарға шоғырландыру...» туралы пленумның қарарында жергілікті халықты «ұлтаралық қатынастардың дәрежесі бойынша» қоныстандыруды, «жер, су реформасын жүргізуді «белгіледі» [23, 9-11 б.]. Аудандастыру науқаны «ұлтаралық қатынастардың дәрежесі бойынша», «қазақтардың арасындағы пролетариаттардың санын көбейтуге бағытталған» таптық негізде, яғни, орыс пен қазақ тұрғындары араластырыла қоныстандыру тұрғысынан жүргізілгендіктен де, табиғи шикізаттарды пайдалану, мысалы өзен мен көл суларын, арықтар мен тоғандарды, жайылымдар мен қыстауларды пайдаланудың дәстүрлі жүйесі бұзылды. «1928 жылдың 1 июлінен басталып, 1 сентябрьде аяқталсын» деген [23, 22 б.] шұғыл шешімнің іс жүзінде орындалуы мүмкін емес еді. Жаппай отырықшылыққа көшуге ешқандай алғышарт жоқ еді. Тіпті, «ұжымдаса» қалғанның өзінде жаңа ауылға жинала қалатын тұрғын үй атымен салынбаған еді. Шұғыл жиналған малға қора-қопсы, өріс, қыстық шөп, адамдарға азық-түлік, ауыз су да қарастырылмады. Жаппай күйзеліске ұшырай бастаған шаруашылықтағы адамдар – аштыққа, мал – жұтқа ұшырауға бет алғандықтан да, қысқа қарай «мойынсеріктер» тарап кетті. ВКП(б) Қазақстан өлкелік жетінші конференциясында (Алматы, 1930 жылғы 30 май- 6 июнь) бұл күйзелісті «Қазақстанның ерекшеліктері» ретінде қарастырып, «Қазақстанның жалпы мәдениетінің артта қалғандығы және кадрлардың жетіспеушілігі, үшіншіден бесжылдықтың екінші жылында болған мал басының күрт кеміп кетуімен» түсіндірілді [23, 99 б.]. Бұл «байлардың қастығы» ретінде қарастырылып, сол жылы 28 тамызда байларды тәркілеу туралы қаулы шықты. Жаппай қысым мен қудалау, соттау, жер аудару басталды. Табиғатты дәстүрлі игеру мен пайдалану тепе-тендігінің бұзылуы демографиялық жұтқа ұласты. Сөйтіп, 1931-1932 жылы қыр елінде ашаршылық орнап, 2, 5 миллионнан астам адам аштан өлді [88].

Мұндай апатты күйзелісті баспасөз арқылы жариялауға тиым салынып, сын мақалаларды «ақша жұмасалады», «аппарат нашарлап барады» деген сияқты дәлелдер түріндегі «пысықсыну» да қарсылық жасау формаларына

жатқызылды». Сын мақалалардағы орынды пікірлерді «пысықсыну» [23, 63 б.] деп бағалады. Ақыры аштықтан қырылып, шетелге ауып, Ресей мен Өзбекстанға босып, «Қазастан – қазақсыз республикаға» айналуға бет алғанда ғана 1932 жылғы 17 сентябрьдегі Өлкелік комитет: «Осы аудандардағы (қазақ аудандарындағы – Н.Ж.) колхоздардың неғұрлым тиімді формасы – бірлесіп жер өңдеу мен шөп шабу серіктіктері деп санау керек. Осы аудандардың өзіне тән өзгешелігіне қарай, ерекше жағдай ретінде, қазақтардың жеке пайдалануы үшін шаруашылықтарда 100-ге дейін қой, 8-9 бас ірі қара мал, 3-5 түйе және 8-10 жылқы ұстауына рұқсат берілді» [23, 198 б.]. Бұл кезде, бір шаруашылыққа меншікке беретін 1 қой да табылмайтын.

1.3 Кенес өкіметі тұсындағы қазақ газеттеріндегі экологиялық тақырыптың бағыттары мен көтерген мәселелері (1930-1980)

Қазақстандағы өзендерге табиғи су қоймасын жасау науқаны, сонымен қатар экологиялық теңсіздік мәселесі де 1932-1933 жылдары, яғни «бесжылдықта 4 қуатты аудандық Қарағанды, Үлбі, Ленгір, Іле электр станцияларын салу көзделген» [23, 95 б.] кезеңнен, электр қуатын «1, 3 мың киловаттан 110, 7 киловатқа дейін жеткізу» міндеті қойылғаннан басталды. Өйткені, бұл құрылыстарды жүзеге асыру барысында экологиялық қауіпсіздік мәселесі мемлекеттің де, жобалаушылардың да, тұтынушылардың да қаперіне ілінбеген еді. Соның нәтижесінде өзеннің төменгі ағысындағы атыраулар бара-бара қаққа, сортаңға, татырға айнала бастады. Елді мекендер қоныстарын аударды.

ВКП(б) Қазақстан өлкелік сегізінші конференциясында (Алматы, 1934 жылғы 8-16 январь) жер, су мәселесі алғаш рет мемлекеттік шара ретінде қарастырылды. Онда ауыспалы және суармалы егіс, жерді пайдалану, тұрақты егін шаруашылығын қалыптастыру, «Қазақстанның су ресурстарын кең және тиімді пайдалану жөнінде шаралар жүйесін талдап-жасауды» маңызды, ірі шара ретінде» белгіленді. «Республикадағы су ресурстарын пайдалану жолындағы күрес – барлық партия ұйымдарының, советтердің және бүкіл колхоздардың маңызды, ірі шаруашылық-саяси міндеті. Мақта мен қант қызылшасын егетін аудандардағы су шаруашылығын дер кезінде ретке келтіру – халық шаруашылығының ерекше маңызды міндеті. Ол үшін мына шараларды дереу ұйымдастырып, жүзеге асыру қажет: а) Салақтық салдарынан тазаланбай қалған барлық су құрылыстарын, каналдар мен су бөлу жүйелерін түзетіп, ретке келтіру; ә) барлық арықтарды дереу аршу, каналдарды, тармақтарды және басқаларды тазалап, ретке келтіру; б) негізгі су жүйелерінің басты құрылыстарын нығайту және Сырдарияның төменгі жағында өзен табанын тереңдету жұмыстарын жүргізу... г) жаңа суару

аудандарында, соның ішінде батыс облыстарда бірқатар шараларды жүзеге асыру» міндеті алға қойылды [23, 232-233 б.].

Бұл сырттай қарағанда табиғи шикізатты үнемді әрі ұқыпты пайдалануға жетелейтін, ауылшаруашылық мәселесі ретінде көрінгенімен, сонымен қатар Сырдарияның төменгі ағыстарындағы су табанын терендету» арқылы оның атырауының бедері мен Арал теңізінің деңгейінің төмендеуіне әсер ететін алғашқы экологиялық апат «шарасы» еді.

Келешекте республика көлеміндегі аса ауыр экологиялық ахуал қалыптастыратын өнеркәсіп орындары да тура осы екінші бесжылдықта аймақ-аймақ бойынша шоғырлана бастады. ВКП(б) Қазақстан өлкелік сегізінші конференциясында (Алматы, 1934 жылғы 8-16 январь) «Қазақстанның екінші бесжылдықтағы өнеркәсіп саласындағы міндеттерінде»: «... мыс жөніндегі СССР-дің аса ірі кен орындары шоғырланған Қоңырат, Жезқазған, Бозшакөл, Белоусовское және Бұқтырма ... Одақтық қордың 52 проценті болды... Қарағанды іс жүзінде өзінің маңызы жағынан Одақтың үшінші көмір бассейніне айналды... Орал – Ембі бассейнінде мұнайдың мол қоры табылды... Арал теңізінің маңында сусыз сульфат табылды, Ақтөбе мен Қазалыдағы фосфориттің мол қоры... Балқаш мыс комбинаты... Ульба су электр станциясы...Шымкент қорғасын заводы... Алтайдың аса бай қазынасы... Шығыс Қазақстанды өркендету үшін Алтай өнеркәсібін кең дамыту... Ертіс су электр станциясын іске қосу... Қарағанды ГРЭС-і... Ертістің су ресурстарын пайдалану... Бетпақдаланы су-геологиялық және зооботаникалық жағынан зерттеу... Арал ауданының химия өнеркәсібін өркендетуді қамтамасыз ету үшін Арал теңізіне жақын маңдағы және оның солтүстігіндегі аралдардың ауданын түгелдей іздестіру және егжей-тегжейлі барлау жұмыстарын жүргізу... Маңғыстау түбегін және ондағы бар мұнай, марганец, темір, көмір және стронций кен орындарын зерттеу... Мұғаджар тауларының геологиялық және геохимиялық зерттеулерін ұйымдастыру... Онан көмір, никель, асбест, трепел және басқа да іздестіру, барлау жұмыстарын ұйымдастыру... Жоғары Ертісте, Балқашта, Каспий мен Арал теңіздерінде және Орал өзенінде жаңа ыңғайлы флоттар жасау» [23, 251-257, 266 б.] мәселелері бірінші кезекке қойылды.

Міне, осы аталған аймақтарға өнеркәсіптің тығыз шоғырлануы табиғи түрде экологиялық қауіпті ошақтарға айналды. Өкініштісі, осы қаулылар мен қарарларда қоршаған ортаны қорғау, су көздерін өнеркәсіптік ластанудан қорғау, өндіріс пен қала экологиясы, ауаның тазалығы сияқты адами мәселелер ауызға да ілінген жоқ. Оның есесіне, жоғарыдағы ауыр өнеркәсіптің ауыр жүгін көтеруге тиісті Сырдария, Ертіс, Шу, Талас, Есіл өзендерінің мойнына мақта мен күріш дақылдарын он еселеп өсіре ету, оны сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ Мырзашөл, Талас, Қаратал, Шу электр

станциялары мен су қоймаларын салу сияқты «міндеттер» қосымша жүктелді. Сөйтіп, олар өзінің атырауларына ауыр экологиялық салмақ түсіре бастады.

Бұл жылдардағы баспасөз беттерінде табиғат, табиғи ортаны қорғау, өнеркәсіп қалдықтары, судың ластануы, атыраулардағы су деңгейі, кіші өзендердің суалуы, сортаң жер, жер эрозиясы деген сөздер мүлдем ұшыраспайды. Ондай ұсақ мәселелер «пысықтық» пен қарсылық жасау формаларына жатқызылды» [23, 63 б.].

Бесжылдықтан бесжылдыққа бөлініп тасталған СССР-дің даму жоспары мен Ұлы отан соғысы тұсында амалсыздан Қазақстанға көшірілген қорғаныс заводтары (мысалы, соғыс жылдарында әр 10 оқтың 9-ы Қазақстанда шығарылды) төндірген экологиялық қауіп жоғарыдағы өнеркәсіп орындары шоғырланған аймақтарда өсе берді. Ал Сырдарияның табиғи мүмкіндігінен тыс оған «мемлекеттік аса зор маңызы бар міндеттердің» жүктелуінің салдарынан Арал теңізі аймағы он бес-жиырма жылдың ішінде әуелі жергілікті, содан кейін республикалық, одан асқынып барып одақтық, ең соңында ЮНЕСКО-ның шешімімен «әлемдік экологиялық апат» аймағына айналды. Каспий теңізі мен Балқаш көлінің ластануы, Шымкент, Жамбыл, Өскемен, Қарағанды сияқты түрлі-түсті металлургия мен химиялық комбинаттар шоғыланған қалалар Кеңес одағындағы, кейбірі әлемдегі ауасы улы ең қауіпті «зонаның» тізіміне ілікті.

Мұндай аса ауқымды экологиялық қауіптің қалыптасуына Кеңес одағының мемлекеттік құрылымында табиғи тепе-теңдікті сақтауды, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық саласындағы өндіргіш күштерді орналастыру мен шоғырландыру барысындағы табиғатты қорғау орындарының біртұтас пәрменді жүйесінің құрылмауында еді. 1948 жылы Табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық ұйым құрылды. Оған ССРО 1953 жылы мүше болып енді. Алайда оның экологиялық шаралар қабылдауға, оның зардаптарының алдын алу мен жоюға, табиғаттың тепе-теңдігін жүйелі түрде зерттеп, реттеп отыруға еш ықпалы болмады. Аса қарқынмен екпіндей жайлаған экологиялық қауіп мемлекеттік мекемелерді де алаңдата бастады. Соған назар аудару мақсатында 1962 жылы «Қазақ ССР-нің табиғат қорғау заңы» алғаш рет қабылданды. Алайда аса қуатты күшке ие және республикалардың мүддесімен есептеспейтін одақтық министрліктерге ол заңның пәрмені жүрмеді.

Ақыры бұл мәселенің асқынып бара жатуына байланысты одақтас республикалардағы табиғатты қорғау туралы қабылданған заңдардың негізінде 1972 жылы 20 қыркүйекте СССР Жоғары кеңесінің «Табиғатты қорғауды одан әрі жақсарту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралары туралы қаулысы», 1972 жылы 29 желтоқсанда СОКП ОК мен ССРО Мемлекеттік кеңесінің «Табиғат қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту туралы» директивалық қарары» шықты.

Жаңа қалыптасқан экологиялық жағдайға байланысты 1975 жылы «Қазақ ССР-нің табиғатты қорғау заңы» толықтырылып қабылданды. Бұл табиғат байлықтарын мемлекет тарапынан заң жүзінде қорғауға алуға заңдық негіз қалады. Заңда жерді, жер қойнауын, суды, орманды, шалғынды, көк желектерді, қорықтарды, табиғи парктерді, шипалы жер-су көздерін, жабайы аңдар мен құстарды қорғау жөнінде арнаулы ережелер бекітілді» [89, 1.507 б.].

Алайда бұл заңдар аса ірі өнеркәсіп орындары мен халық шарушылығы комплекстері шоғырланған Әмудария мен Сырдария өзендерінің құйылуынан құралған, адам қолымен жасалған апаттың ең үлкені – Арал теңізінің суалуына, Каспий теңізі мен Балқаш көлінің деңгейінің түсуіне, олардың түрлі өнеркәсіптік қалдықтармен ластануына, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің жойылуына, Дегелең, Азғыр, Капустин Яр, Сарышаған сияқты полигондардағы ядролық бомба мен зымырандарды сынауға тосқауыл қоя алмады.